Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-I Заңы.

ҚОЛДАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының 2005.11.22. № 90 Заңымен енгізілген өзгерістер әртүрлі уақытта қолданысқа енгізілген (2-бапты қараңыз). Қажет болған жағдайда "Заң " Деректер базасының 5 версиясының алдыңғы редакцияларын қараңыз.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "I тарау", "II тарау", "III тарау", "IV тарау" және "V тарау" деген сөздер тиісінше "1-тарау", "2-тарау", "3-тарау", "4-тарау" және "5-тарау" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын", "Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын", "Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын, авторлық және сабақтас құқықтардың иелері оның репертуарынан туындылар мен сабақтас құқықтардың объектілерін алып тастаған ұйым" деген сөздер тиісінше "құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі", "Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі", "Репертуарынан авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілер туындылар мен сабақтас құқықтардың объектілерін алып тастаған, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Реттелетін мәселелер

Осы Заң санаткерлік меншік саласында ғылым, әдебиет және өнер туындыларын (авторлық құқық), қойылымдарды, орындаушылықты, фонограммаларды, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын (сабақтас құқықтар) жасауға және пайдалануға байланысты туындайтын қатынастары реттейді.

2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) автор - шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға;

2) авторлық құқық - автордың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары;

3) авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды қорғаудың техникалық құралы - туындыларға немесе сабақтас құқықтар объектілеріне қол жеткізуді бақылайтын, автор,

сабақтас құқықтар иесі немесе өзге де айрықша құқықтар иесі туындыларға немесе сабақтас құқықтар объектілеріне қатысты рұқсат етпеген іс-әрекеттерді жүзеге асыруды болғызбайтын не шектейтін техникалық (бағдарламалық-техникалық) құрылғы немесе оның компоненттері;

4) авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектісінің контрафактілік данасы – жасалуы, таратылуы немесе өзгедей пайдаланылуы осы Заңның ережелеріне не Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына орай авторлық құқықтың және (немесе) сабақтас құқықтардың бұзылуына әкеп соғатын туындының, жазылған орындаушылықтың, фонограмманың, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдары хабарының данасы. Құқық иеленушінің рұқсатынсыз құқықтарды басқару туралы ақпараты жойылған немесе өзгертілген не авторлық құқық пен сабақтас құқықтарды қорғаудың техникалық құралдарын айналып өтуге мүмкіндік беретін заңсыз пайдаланылатын құрылғылардың көмегімен жасалған авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілері де контрафактілік болып танылады;

5) авторлық шарт – нысанасы бір немесе бірнеше авторлық құқық объектілерін пайдалануға мүліктік құқықтарды беру болып табылатын шарт. Авторлық шарт лицензиялық шарттың бір түрі болып табылады;

6) айрықша емес құқық - осы Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, автордың немесе өзге құқық иеленушінің тиісті рұқсатымен басқа адамдардың құқық иеленушімен бір мезгілде туындыны, орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарын пайдалана алатын құқығы;

7) айрықша құқық – автордың және (немесе) өзге де құқық иеленушінің туындыны және (немесе) сабақтас құқықтар объектісін белгіленген мерзім ішінде кез келген тәсілмен пайдалануды жүзеге асыруға, оған рұқсат беруге және тыйым салуға мүліктік құқығы;

8) аккредиттеу - ұжымдық басқару салаларында құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың осы Заңда белгіленген заңды құқықтарын уәкілетті органның ресми тану рәсімі;

8-1) алып тасталды - ҚР 24.11.2015 № 419-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

9) дерекқор - деректер электронды-есептеу машинасының (бұдан әрі - ЭЕМ) көмегімен табылатындай және өңделетіндей етіп жүйеге түсірілген материалдардың іріктелуі және (немесе) орналасуы жағынан шығармашылық еңбектің нәтижесін білдіретін деректер (мақалалар, есептер, фактілер және басқалар) жиынтығы. Дерекқор ұғымы оның көмегімен дерекқордың материалдарына қол жеткізуді жүзеге асыруға болатын компьютерлік бағдарламаға (бағдарламалық қамтылымға) қолданылмайды;

10) дыбыстау-бейнелеу туындысы - тиісті техникалық құрылғылардың көмегімен көріп және естіп (дыбыспен берілетін жағдайда) қабылдауға арналған өзара байланысты кадрлардың немесе бейнелердің (дыбыспен сүйемелдеп немесе

сүйемелдемей) түсірілген сериясынан құралатын туынды. Дыбыстау-бейнелеу туындылары кинематографиялық туындыларды және бастапқы немесе одан кейінгі түсірілу тәсіліне қарамастан, кинематография құралдарына ұқсас құралдармен бейнеленген туындылардың барлығын (телефильмдерді және бейнефильмдерді, диафильмдер мен слайдфильмдерді және сол сияқты туындыларды) қамтиды;

11) дыбыстау-бейнелеу туындысын шығарушы - осындай туындыны жасаудың бастамасы мен жауапкершілігін мойнына алған жеке немесе заңды тұлға. Өзге дәлелдемелер болмаған кезде, осы туындыда есімі немесе атауы белгіленген тұлға дыбыстау-бейнелеу туындысын шығарушы деп танылады;

12) жазу - дыбыстарды және (немесе) бейнелерді техникалық құралдардың көмегімен оларды бірнеше қайтара қабылдауға, қайта шығаруға немесе хабарлауға мүмкіндік беретін қандай да бір материалдық нысанда жазып алу;

13) жалпы жұрттың назарына жеткізу - авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін көпшілік оларға өзінің жеке қалауы бойынша кез келген жерден және кез келген уақытта (интерактивтік режимде) қол жеткізуді жүзеге асыра алатын сым арқылы немесе сымсыз байланыс құралдарымен хабарлау;

14) жариялау - автордың не авторлық немесе сабақтас құқықтар объектілеріне өзге құқық иеленушінің келісімімен туындының, орындаушылық жазбасының немесе фонограмманың даналарын көпшіліктің орынды қажеттіліктерін қанағаттандыратын мөлшерде көпшілікке ұсыну;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-1) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-1) интернет-ресурс – аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін , мәтіндік, графикалық, аудиовизуалдық немесе өзге де түрде бейнеленетін электрондық ақпараттық ресурс;

15) кәбіл бойынша жалпы жұрттың назарына хабарлау - туындыны, фонограмманы, орындаушылықты, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдары хабарын жалпы жұрттың назарына кәбіл, сым, оптикалық талшық арқылы немесе соған ұқсас құралдардың көмегімен хабарлау;

15-1) компьютерлік бағдарлама (бағдарламалық қамтылым) – табиғатына орай компьютерлік бағдарлама (бағдарламалық қамтылым) дайындық материалдарының неғұрлым кейінірек кезеңдегі нәтижесі болып табылатын осындай материалдарды қоса алғанда, машина оқитын материалдық жеткізгішке жазу кезінде ЭЕМ-мен белгілі бір міндетті орындау немесе нәтижеге қол жеткізу қамтамасыз етілетін, сөздер, схемалар түрінде немесе бейнелеудің кез келген өзге де нысанында көрсетілген командалар жиынтығы;

15-2) компьютерлік бағдарламаны (бағдарламалық қамтылымды) қайта құрастыру – компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) құрылымын зерделеу және оны кодтау мақсатында объектінің кодын бастапқы мәтінге өзгертуді қамтитын техникалық тәсіл;

15-3) компьютерлік бағдарламаны (бағдарламалық қамтылымды) немесе дерекқорды бейімдеу – компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) немесе дерекқордың пайдаланушының нақты техникалық құралдарында немесе пайдаланушының нақты бағдарламаларының басқаруымен жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында ғана жүзеге асырылатын, компьютерлік бағдарламаларға (бағдарламалық қамтылымға) немесе дерекқорға өзгерістер енгізу;

15-4) компьютерлік бағдарламаны (бағдарламалық қамтылымды) немесе дерекқорды түрлендіру (өңдеу) – компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) немесе дерекқордың бейімделуге жатпайтын кез келген өзгерістері;

16) көпшілік алдында орындау - туындыны мәнерлеп оқу, ойнау, билеу немесе қандай да бір өзге жолмен, соның ішінде техникалық құралдардың көмегімен отбасы мүшелері болып табылмайтын адамдар болатын немесе болуы мүмкін орындарда орындау;

17) көпшілікке көрсету - туындының түпнұсқасын немесе данасын тікелей немесе слайд, кино-, телекадр түрінде экранда, басқа кез келген техникалық құралдың көмегімен немесе кез келген өзге әдіспен (дыбыстау-бейнелеу туындысына қатысты - олардың реттілігінен тыс жеке кадрларды көрсету) отбасы мүшелері болып табылмайтын адамдар болатын немесе болуы мүмкін орындарда көрсету;

18) көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару) – туындыларды кез келген техникалық құралдардың көмегімен, баспа мақсатынсыз жүзеге асырылатын факсимильдік қайта шығару. Техникалық құралдардың көмегімен көшірмелеуді жүзеге асыруға арналған уақытша көшірмелерді жасау жағдайларынан басқа, көшірмелеуге туындыны қайта шығару немесе оның көшірмелерін электрондық (оның ішінде цифрлық), оптикалық немесе машинамен оқылатын өзге де нысанда сақтау кірмейді;

19) қайта шығару – туындылардың немесе сабақтас құқықтар объектілерінің бір немесе одан да көп тұрақты немесе уақытша даналарын кез келген әдіспен және кез келген нысанда, толық немесе ішінара, тікелей немесе жанама түрде дайындау. Қайта шығару түрлері дыбыс- немесе бейнежазбаны дайындау, екі өлшемдік немесе үш өлшемдік туындының бір немесе одан да көп даналарын дайындау, көшірмелеу (репрографиялық қайта шығару), сондай-ақ туындыларды немесе сабақтас құқықтар объектілерін кез келген материалдық нысанда, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде кез келген тұрақты немесе уақытша сақтау болып табылады;

20) құқық иеленуші - авторлық құқыққа қатысты автор (оның мұрагерлері), сабақтас құқықтарға қатысты орындаушы (оның мұрагерлері), фонограммаларды

жасаушы, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымы, сондай-ақ шарт бойынша немесе осы Заңда көзделген өзге де негіз бойынша туындыны және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға айрықша құқық алған өзге де жеке немесе заңды тұлғалар;

21) құқықтарды басқару жөніндегі ақпарат - туындыны, туынды авторын, орындаушыны, орындаушының орындаушылығын, фонограмма жасаушыны, фонограмманы, туындыға, орындаушылыққа не фонограммаға не туындыны, орындаушылықты немесе фонограмманы пайдалану шарттары туралы ақпаратқа қайсыбір құқық иеленушіні бірдейлендіретін ақпарат. Ақпараттың кез келген элементі туындының, жазып алынған орындаушылықтың немесе фонограмманың данасына қоса берілетін, не жалпы жұрттың назарына туындыны хабарлауға немесе жазып алынған орындаушылықты немесе фонограмманы хабарлауға және (немесе) жеткізуге байланысты пайда болатын кезде осындай ақпарат берілген кез келген цифрлар немесе кодтар да құқықтарды басқару жөніндегі ақпарат деп ұғынылады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

21-1) тармақша ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін мынадай редакцияда қолданыста болады – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

21-1) тармақшалармен толықтыру көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21-1) құқықтарды ұжымдық басқару саласындағы бірыңғай цифрлық платформа (бұдан әрі – бірыңғай цифрлық платформа) – сараптама ұйымының құқықтарды ұжымдық басқару саласында оның пайдаланылуына бірыңғай қол жеткізу нүктесін осы Заңға сәйкес ұсынатын ақпараттық жүйесі;

21-2) құқықтарды ұжымдық басқару саласындағы бірыңғай цифрлық платформа субъектісі – құқық иеленуші, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым, пайдаланушы, сараптама ұйымы;

22) құрамдас туынды - материалдарды іріктеп алу және (немесе) орналастыру бойынша шығармашылық қызметтің нәтижесін білдіретін туындылар мен басқа да материалдардың жинағы (энциклопедия, антология, деректер базасы);

23) орындау - туындыны, фонограмманы, орындаушылықты, қойылымды тікелей орындалатын ойын, ән, би арқылы немесе қандай да бір техникалық құралдардың (телерадио хабарлары, кәбілдік телевизия және басқалары) көмегімен көрсету, сондай-ақ дыбыстау-бейнелеу туындысының кадрларын реті бойынша дыбыспен сүйемелдеп немесе сүйемелдемей көрсету;

24) орындаушы - актер, әнші, музыкант, биші немесе рөлде ойнайтын, ән салатын, оқитын, мәнерлеп оқитын, музыкалық аспапта ойнайтын, интерпретациялайтын немесе

әдебиет және (немесе) өнер туындыларын (соның ішінде эстрадалық, цирк немесе қуыршақ нөмірлерін) немесе халық шығармашылығы туындыларын өзгедей жолмен орындайтын басқа адам, сондай-ақ спектакльді қоюшы-режиссер және дирижер;

25) пайдаланушы - авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануды жүзеге асыратын немесе ұйымдастыратын жеке немесе заңды тұлға;

26) прокатқа (жалға) беру - туындының немесе фонограмманың данасын тікелей немесе жанама коммерциялық пайда табу мақсатында уақытша пайдалануға беру;

27) сабақтас құқықтар - орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік және кәбілдік хабар тарату ұйымының мүліктік құқықтары және орындаушының жеке мүліктік емес құқықтары;

28) сәндік-қолданбалы өнер туындысы - көркем кәсіпшілік туындысын немесе өнеркәсіптік әдіспен дайындалған туындыны қоса алғанда, іс жүзінде пайдаланылатын заттарға көшірілген екі өлшемді немесе үш өлшемді өнер туындысы;

29) спектакльді қоюшы-режиссер - театр, цирк, қуыршақ, эстрада спектаклін немесе өзге де спектакль (көрсетілім) қойылымын жүзеге асырған адам;

30) туындыны аудару - шығарманы түпнұсқа шығарманың тілінен басқа тілде білдіру. Бұл ретте аударма дұрыс және түпнұсқа туындының мазмұнын да, стилін де бұрмаламайтын болуға тиіс;

31) туындының данасы – туындының кез келген материалдық нысанда, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желіде дайындалған көшірмесі;

32) туындыны жариялау - туындыны жариялау, көпшілікке көрсету, көпшілік алдында орындау, жалпы жұрттың назарына жеткізу арқылы және өзге де әдістермен оған көпшіліктің алғаш рет қолын жеткізетін іс-әрекетті автордың келісімімен жүзеге асыру;

33) туындыны өңдеу - түпнұсқа туындыны бір жанрдан екінші жанрға өзгерту. Бұл ретте түпнұсқа туындыны сахналау, қою және аранжировка жасау туындыны өңдеу түрлері болып табылады;

34) туынды шығарма - басқа туындыны шығармашылықпен өңдеу нәтижесінде жасалған туынды;

35) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын және авторлық құқық және сабақтас құқықтар саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

36) фонограмма - орындаушылықтардың немесе өзге де дыбыстардың дыбыстық жазбасы, сондай-ақ дыбыстау-бейнелеу туындысына енгізілген жазбаны қоспағанда, дыбыстарды кез келген нысанда беру;

37) фонограмманың данасы – фонограммадан тікелей немесе жанама түрде дайындалған және осы фонограммада жазылған барлық дыбыстарды немесе дыбыстардың бір бөлігін қамтитын кез келген материалдық жеткізгіштегі, оның ішінде ашық ақпараттық-коммуникациялық желілердегі фонограмма көшірмесі;

38) фонограмма шығарушы - қайсыбір орындаушылықты немесе өзге де дыбыстардың тұңғыш дыбыс жазбасы үшін бастамашылық пен жауапкершілікті мойнына алған жеке немесе заңды тұлға;

39) халық шығармашылығы туындысы - дәстүрлі көркемдік мұраларға (халық ертегілері, халық поэзиясы, халық әндері, халық аспаптық музыкасы, халық билері мен пьесалары, халықтық салт-жоралғылардың көркемдік нысандары және басқалар) тән элементтерді қамтитын туынды;

40) алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

41) алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

42) алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

43) алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

44) эфирге беру - туындыларды, орындаушылықтарды, қойылымдарды, фонограммаларды, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын (көрсетуді немесе орындауды қоса алғанда) радио немесе телевизия арқылы (кәбілдік телевизияны қоспағанда) беру жолымен жалпы жұрттың назарына хабарлау. Туындыларды, орындаушылықтарды, қойылымдарды, фонограммаларды, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын жерсерік арқылы эфирге беру кезінде жердегі станциядан жерсерікке сигналдар қабылдау және жерсеріктен сигналдар беру эфирге беру деп түсініледі, солар арқылы туындыларды, орындаушылықтарды, қойылымдарды, фонограммаларды, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын көпшіліктің нақты қабылдауына қарамастан жалпы жұрттың назарына жеткізу мүмкін болады. Егер көпшілікке кодты ажырату құралдарын эфирлік хабар тарату ұйымы берсе немесе соның рұқсаты бойынша берілсе , код белгіленген сигналдарды беру эфирге беру болып табылады;

45) эфирге (ретрансляциялауды қоса алғанда) кейінгі беру - бұрын эфирде берілген немесе кәбіл бойынша жалпы жұрттың назарына хабарланған шығармаларды немесе сабақтас құқықтар объектілерін қайталап беру;

45-1) эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары – туындыны, орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы қамтитын теле-, радиоарналарды, теле-, радиобағдарламаларды (теле-, радио хабарларды) эфирге (ретрансляциялауды қоса алғанда) және (немесе) кабель арқылы хабарлауды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар. Эфирге (ретрансляциялауды қоса алғанда) және (немесе) кабель арқылы хабарлау ұқсас эфирлік, көпарналы хабар тарату (цифрлық эфирлік, спутниктік, кабельдік телерадио хабарларын тарату) арқылы жүзеге асырылады;

46) эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабары - эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының өзі жасаған, сондай-ақ соның қаражаты есебінен соның тапсырысы бойынша басқа ұйым жасаған хабар.

Ескерту. 2-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.10 № 179-IV Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 № 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңдары

Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңдары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінен, осы Заңнан және соларға сәйкес шығарылатын басқа да нормативтік актілерден тұрады.

4-бап. Халықаралық шарттар

Егер Қазақстан Республикасы бекітетін халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-ТАРАУ. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

5-бап. Авторлық құқықтың қолданылу аясы

1. Осы Заңға сәйкес авторлық құқық:

1) Қазақстан Республикасының аумағында жарияланған не жарияланбаған, бірақ авторлардың немесе олардың құқықтық мұрагерлерінің азаматтығына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында қандай да болсын объективті нысанда болатын туындыларға қолданылады;

2) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және Қазақстан Республикасының азаматтары - авторлары және олардың құқықтық мұрагерлері деп танылады

3) Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған не жарияланбаған, бірақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі қандай да болсын объективті нысандағы туындыларға қолданылады және авторлардың (олардың құқықтық мұрагерлерінің) - шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес авторлық құқығы бар деп танылады.

2. Егер туынды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде алғаш жарияланған күннен кейінгі отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жарияланса, ол Қазақстан Республикасында жарияланды деп саналады.

3. Қазақстан Республикасы аумағында туынды халықаралық шарттарға сәйкес қорғалатын болған жағдайда туындының авторы авторлық құқықты алуға негіз болған іс-әрекет немесе мән-жай орын алған мемлекеттің заңы бойынша анықталады.

4. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес, егер ол Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттың ережелері бойынша айқындалатын туындының шыққан елінде авторлық құқықтың осы елде белгіленген қолданылу мерзімінің бітуінің салдарынан қоғам игілігіне айналмаса және авторлық құқықтың қолданылу мерзімінің бітуінің салдарынан Қазақстан Республикасында қоғамның игілігіне айналмаса, туындыға қорғау беріледі.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586 Заңымен.

6-бап. Авторлық құқық объектісі. Жалпы ережелер

1. Авторлық құқық мақсатына, мазмұны мен маңызына, сондай-ақ берілу әдісі мен нысанына қарамастан, шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын ғылым, әдебиет және өнер туындыларына қолданылады.

2. Авторлық құқық белгілі бір объективті түрге ие болған:

1) жазбаша (қолжазба, машинкаға басылған, нотаға жазылған және сол сияқты);

2) ауызша (көпшілік алдында айтушылық, көпшілік алдында орындаушылық және сол сияқты);

3) үнжазба немесе бейнежазба (механикалық, сандық, магниттік, оптикалық және сол сияқты);

4) бейнелеу (сурет, нобай, көркемсурет, жоспар, сызба, кино, телебейне - немесе фотокадрлар және сол сияқты);

5) көлемді - кеңістікті (мүсін, үлгі, макет, ғимарат, және сол сияқты);

6) өзге де нысанда жария болған да (жарияланған, жарыққа шыққан, баспадан шыққан, көпшілік алдында орындалған, көпшілік алдында көрсетілген), жарияланбаған да туындыларға қолданылады.

3. Заңның осы бабының 1-тармағында аталған белгілері бар және дербес қолдануға болатын туынды бөлігі (оның атауымен, кейіпкерлердің атауларымен қоса) авторлық құқық объектісі болып табылады.

4. Авторлық құқық идеялардың, тұжырымдамалардың, принциптердің, әдістердің, жүйелердің, процестердің, жаңалықтардың, фактілердің өздеріне қолданылмайды.

5. Туындыға деген авторлық құқық туынды жасалған материалдық объектіні меншіктену құқығымен байланысты емес.

Қандай да болсын материалдық объектіге меншік құқығын немесе иелену құқығын беру, осы Заңда көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы объектіде көрсетілген туындыға авторлық құқықтың берілуіне әкеп соқпайды.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586, 2005.11.22. № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

7-бап. Авторлық құқық объектілері болып табылатын туындылар

1. Мыналар авторлық құқық объектілері болып табылады:

1) әдеби туындылар;

2) драмалық және музыкалық-драмалық туындылар;

3) сценарий туындылары;

4) хореография және пантомима туындылары;

5) мәтіні бар немесе мәтіні жоқ музыкалық туындылар;

6) дыбыс-бейнежазу туындылары;

7) кескіндеме, мүсіндеме, графика және бейнелеу өнерінің басқа да туындылары;

8) сәндік-қолданбалы өнер туындылары;

9) сәулет, қала құрылысы, дизайн және бау-саябақ өнері туындылары;

10) суретке түсіру туындылары және суретке түсіруге орайлас әдістермен жасалған туындылар;

11) карталар, жоспарлар, нобайлар, безендірулер және географияға, топография мен басқа ғылымдарға қатысты үш өлшемді туындылар;

12) компьютерлік бағдарламалар (бағдарламалық қамтылым);

13) өзге де туындылар.

2. Компьютерлік бағдарламаларды (бағдарламалық қамтылымды) қорғау бастапқы мәтін мен объектінің кодын қоса алғанда, кез келген тілде және кез келген нысанда көрсетілуі мүмкін компьютерлік бағдарламалардың (бағдарламалық қамтылымның) барлық түрлеріне, оның ішінде операциялық жүйелерге қолданылады.

3. Авторлық құқық объектілеріне мыналар да жатады:

1) туынды шығармалар (аудармалар, өңделген дүниелер, аннотациялар, рефераттар, түйіндер, шолулар, инсценировкалар, музыкалық өңдеулер және басқа да ғылым, әдебиет пен өнер шығармаларын өңдеулер);

2) жинақтар (энциклопедиялар, антологиялар, деректер базалары) және материалдарының іріктелуі және (немесе) орналасуы жағынан шығармашылық еңбектің нәтижесі болып табылатын басқа да құрама туындылар.

Туынды және құрама шығармалар, өздерінің негізге алынған немесе өздеріне енген туындылардың авторлық құқық объектілері болу болмауына қарамастан, авторлық құқықпен қорғалады.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. № 586, 2005.11.22. № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Авторлық құқық объектілері болмайтын туындылар

Мыналар авторлық құқық объектілері болмайды:

1) ресми құжаттар (заңдар, сот шешімдері, заң әкімшілік, сот сипатындағы және дипломатиялық сипаттағы өзге де мәтіндер), сондай-ақ олардың ресми аудармалары;

2) мемлекеттік нышандар мен белгілер (жалаулар, елтаңбалар, ордендер, ақша белгілері және өзге де мемлекеттік нышандар мен белгілер);

3) халық шығармашылығы туындылары;

4) оқиғалар мен фактілер туралы ақпараттық сипаттағы хабарлар.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

8-бапты 5) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 09.01.2026 № 254-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Авторлық құқықтың пайда болуы. Авторлықтың презумпциясы

Ескерту. 9-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Ғылым, әдебиет және өнер туындысына авторлық құқық оның жасалу фактісіне қарай туындайды. Авторлық құқықтың пайда болуы мен жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу, туындыны өзге де арнайы ресімдеу немесе қандай да болсын шарттылықты сақтау талап етілмейді.

Өздерінің айрықша мүліктік құқықтары туралы хабарлау үшін автор және (немесе) құқық иеленуші авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануға құқылы, ол белгі туындының әр данасына қойылады және міндетті түрде мынадай үш элементтен тұрады:

1) қоршауға алынған латынша "С" әрпі;

2) айрықша авторлық құқықтар иесінің есімі (атауы);

3) туындының алғаш жарияланған жылы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың үшінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Автор жарияланбаған туындыға жеке мүліктік емес құқықтарын куәландыру үшін авторлық құқықтың қорғалатын мерзімі ішінде кез келген уақытта қажетті мәліметтерді осы Заңға сәйкес Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізуге құқылы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақты төртінші бөлікпен толықтыру көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1-1. Алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Өзге де дәлелдеме болмаған кезде туындының түпнұсқасында немесе данасында автор ретінде көрсетілген адам туындының авторы – авторлықтың презумпциясы деп есептеледі.

Авторлықтың презумпциясы тек автордың өзіне қатысты ғана қолданылады.

3. Туынды жасырын немесе бүркеншік атпен жарияланған жағдайда (автордың бүркеншік аты оның өзі екеніне күмән туғызбайтын жағдайды қоспағанда), туындыда есімі немесе атауы көрсетілген баспагер өзге дәлелдер болмаған кезде осы Заңға сәйкес автордың өкілі болып табылады және оның өкіл ретінде автордың құқығын қорғауға, оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етуге құқығы бар. Бұл ереже сондай туындының авторы өзінің кім екенін ашқанша және өзінің авторлығын мәлімдегенше қолданыла береді.

4. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 586, 2005.11.22 № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-1-бапты алып тастау көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-1-бап. Мәліметтерді Тізілімге енгізу

1. Мәліметтерді және олардың өзгерістерін Тізілімге енгізу уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен, автордың өтініші алынған күннен кейінгі бір жұмыс күні ішінде немесе соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жүргізіледі.

Тізілімде автордың өтініші алынған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде енгізілген мәліметтердің тиесілілігін, сипатын немесе мазмұнын өзгертпейтін техникалық сипаттағы қателер түзетілуі мүмкін.

2. Мәліметтерді Тізілімге енгізу туралы өтінішке туындының бір данасы және осы көрсетілген қызметке ақы төленгендігін растайтын құжаттың көшірмесі және қажет болған жағдайда ақы төлеу мөлшерін азайту негізін растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Туындының бір данасының орнына өтінішке – эскиздер, сызбалар, суреттер немесе фотосуреттер, ал ЭЕМ-ге немесе дерекқорға арналған бағдарламаларға қатысты бағдарламаның немесе дерекқордың атауын, автордың тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), жасалған күнін, қолдану саласын,

мақсатын, функционалдық мүмкіндіктерін, негізгі техникалық сипаттамаларын, бағдарламалау тілін, іске асырушы ЭЕМ-нің типін, сондай-ақ бастапқы кодын (бастапқы мәтінді) қамтитын реферат қоса берілуі мүмкін.

Діни мазмұндағы туындыларға қатысты дінтану сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі қосымша ұсынылады.

Құрамдас туындыға немесе туынды шығармаға қатысты төл туындының авторымен немесе құқық иеленушісімен жасалған авторлық шарттың көшірмесі қосымша ұсынылады.

3. Бөлек тең авторлықпен шығарылған туындыларға авторлық құқықтар туралы мәліметтер тең авторлардың кез келгені оны өзінің өтінішінде көрсеткен жағдайда Тізілімге бөлек енгізілуі мүмкін.

4. Тізілімге бір жеке немесе заңды тұлғалардың тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа жеке немесе заңды тұлғалардың біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажыратуға қызмет ететін (арналған) туындыларға құқықтар туралы мәліметтер енгізілмейді.

5. Автор құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда сараптама ұйымы өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Сараптама ұйымы осы баптың талаптары сақталмаған жағдайда қызметтерді көрсетуден бас тартады.

6. Уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша куәлік беру тиісті мәліметтерді Тізілімге енгізуді растау болып табылады.

7. Тізілімнен алынған мәліметтердің күшін жою автордың өтініші бойынша, сондай-ақ соттың заңды күшіне енген шешімі негізінде жүргізіледі.

8. Құжаттардың көшірмелері, тиісті туындының бір данасы және (немесе) оның сипаттамасы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға автордың келісімімен беріледі.

Ескерту. Заң 9-1-баппен толықтырылды - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен, жаңа редакцияда көзделген - ҚР 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-2-бап. Сараптама ұйымы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты сараптама ұйымы:

1) Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді, өзгерістерді және күшін жоюды енгізеді;

2) өз қызметі шеңберінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

3) Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді және оған қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

4) осы Заңда көзделген құқықтарды ұжымдық басқару саласындағы тізілімдерді қалыптастырады және жүргізеді;

5) бірыңғай цифрлық платформаны ендіруді жүзеге асырады, сондай-ақ осы Заңның 44, 46 және 47-баптарына сәйкес құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың және пайдаланушылардың мәліметтерді орналастыруын қамтамасыз етеді;

6) осы Заңның талаптарына сәйкес бірыңғай цифрлық платформаны ақпаратпен толтыруды, дамытуды, сүйемелдеуді және оған жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

7) тармақша ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін мынадай редакцияда қолданыста болады – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақты 7) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7) бірыңғай цифрлық платформаны мониторингтеуді жүзеге асырады, сондай-ақ бірыңғай цифрлық платформаның ақпараттық жүйелермен өзара әрекеттестігін қамтамасыз етеді;

8) бірыңғай цифрлық платформа субъектісіне бірыңғай цифрлық платформаның жұмыс істеуі мәселелері бойынша өтеусіз негізде консультациялық көмек көрсетеді;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9) тармақша ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілгенге дейін мынадай редакцияда қолданыста болады – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақты 9) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9) бірыңғай цифрлық платформада орналастырылған деректердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

10) авторлардың, орындаушылардың, фонограммалар мен дыбыстау-бейнелеу туындыларын шығарушылардың фонограммалар мен дыбыстау-бейнелеу туындыларын жеке мақсатта және табыс алмастан қайта шығарғаны үшін сыйақы алуға құқықтарын жүзеге асыру саласындағы құқықтарды басқаруды жүзеге асырады;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асырады.

2. Сараптама ұйымы мәліметтерді Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізгені үшін көрсетілген қызметтерге ақы төлеу кезінде:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға және басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға;

1941 жылғы 22 маусым мен 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарға;

мүгедектігі бар адамдарға, сондай-ақ бала кезінен мүгедектігі бар адамның ата-анасының біреуіне;

қандастарға;

кәмелетке толмағандарға жеңілдіктер береді.

Жеңілдіктер жоғарыда санамаланған адамдар санаттарының кез келгеніне жататындығы туралы растайтын құжаттар ұсынылған кезде мәліметтерді Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу жөнінде көрсетілген қызмет үшін бағаның 95 пайызы мөлшерінде беріледі.

3. Уәкілетті органмен келісу бойынша сараптама ұйымы қызметтер көрсеткені үшін осы ұйым шеккен шығындарды толық өтеу, оның қызметінің шығынсыздығы және өз кірістері есебінен қаржыландыру қамтамасыз етілген жағдайда, көрсетілетін қызметтердің бағаларын бекітеді.

Ескерту. 2-тарау 9-2-баппен толықтырылды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді – ҚР 06.05.2020 № 323-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.05.2020 № 327-VI ("Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" ҚР Кодексіне (Салық кодексі) тиісті өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен кейін қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Тең авторлар

1. Екі немесе одан да көп адамның (тең авторлардың) бірлескен шығармашылық еңбегімен жасалған туындының авторлық құқығы, мұндай туындының бөлінбес біртұтас болуына немесе әрқайсысы өз алдына жеке мәнге ие бөлімдерден тұратындығына қарамастан, тең авторларға тиесілі болады.

Егер туындының бір бөлігін осы туындының басқа бөліктеріне қарамастан пайдалану мүмкін болса, бұл бөлігі дербес мәні бар туынды деп танылады.

Егер тең авторлар арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, олардың әрқайсысы туындының дербес мәні бар өзі жасаған бөлігін өз қалауы бойынша пайдалануға құқылы.

2. Тұтас алғанда туындыны пайдалану құқығы тең авторларға ортақ. Тең авторлардың өзара қатынастары олардың арасында жасалған келісім арқылы белгіленуі мүмкін. Егер тең авторлардың туындысы бөлінбейтін біртұтас дүние болса, тең авторлардың бір де бірінің туындыны пайдалануға жеткілікті негіздері болмайынша тыйым салуға құқығы жоқ.

3. Тең авторлардың әрқайсысы өз атынан, соның ішінде, басқа тең авторлардың рұқсатын алмастан, егер олардың арасында келісіммен өзгеше көзделмесе, өз құқықтарын қорғауға байланысты осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген шараларды қолдануға құқылы.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586 Заңымен.

11-бап. Құрамдас туындыларға авторлық құқық

1. Жинақтың және басқа да құрама туындылардың авторына (құрастырушысына) шығармашылық (құрастырушылық) еңбек нәтижесі болып табылатын материалдарды іріктеуді және (немесе) орналастыруды жүзеге асырғандығы үшін авторлық құқық беріледі.

Құрастырушының өзі құрама туындыға енгізілген әрбір туынды авторларының құқықтарын сақтаған жағдайда авторлық құқықты пайдаланады.

Егер авторлық шартта өзгеше көзделмесе, құрама туындыға енгізілген туындылардың авторлары өз туындыларын құрама туындыға қарамастан пайдалана беруге құқылы.

Құрастырушысының авторлық құқығы басқа адамдардың сол материалдарды басқа құрама туындылар жасау үшін дербес іріктеуіне және (немесе) орналастыруына кедергі жасамайды.

2. Энциклопедияларды, энциклопедиялық сөздіктерді, мерзімді және шығуы жалғаса беретін ғылыми еңбектер жинақтарын, газеттерді, журналдарды және басқа да мерзімді басылымдарды жарыққа шығаратын баспагерге мұндай басымдарды тұтас пайдалануға айрықша құқық беріледі. Баспагер мұндай басылымдарды кез-келген жағдайда пайдаланса да өзінің атауын көрсетуге немесе оны көрсетуді талап етуге құқылы.

Мұндай басылымдарға енгізілген туындылардың авторлары жалпы басылымға қарамастан өз туындыларын пайдалануға айрықша құқықтарын сақтап қалады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586 Заңымен.

12-бап. Туынды шығармаларға авторлық құқық

1. Аудармашыларға және басқа да туынды шығармалардың авторларына өздерінің жасаған аудармасына, қайта жасағанына, музыкалық әуендерден немесе басқа да өңдеуден өткізгеніне авторлық құқық беріледі.

Аудармашы және басқа да туынды шығарма авторы өзі аударатын, қайта жасайтын, музыкалық әуендейтін немесе басқа да өңдеуден өткізетін туынды авторының авторлық құқығын сақтаған жағдайда өзі жасаған туындыға авторлық құқықты пайдаланады.

2. Аудармашылардың және басқа да туынды шығарма авторларының авторлық құқығы сол туындыларды өзге адамдардың аударуына және өңдеуіне кедергі болмайды .

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586 Заңымен.

13-бап. Дыбыс-бейнежазу туындысына авторлық құқық

1. Дыбыс-бейнежазу туындысының авторлары (тең авторлары):

1) сценарий авторы;

2) дыбыс-бейнежазу туындысына арнайы жасалған музыкалық туындының (мәтіні немесе мәтінсіз) авторы (сазгер);

3) қоюшы-режиссер;

4) қоюшы-оператор;

5) қоюшы суретші болып табылады.

Бұрын шығарылған, қайта өңделген немесе дыбыс-бейнежазу туындысының құрамдас бөлігі ретінде енгізілген туынды авторы да дыбыс-бейнежазу туындысының тең авторы болып саналады.

2. Дыбыс-бейнежазу туындысын жасауға немесе бұрын жасалған туындыға құқық беруге авторлық шарттың жасалуы, осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, осы туынды авторларының (немесе бұрын жасалған туынды авторларының және өзге де авторлық құқықтар иелерінің) дыбыс-бейнежазу туындысын жасаушыға, егер авторлық шартта өзгеше көзделмесе, дыбыс-бейнежазу туындысын пайдалануға айрықша құқық беруіне әкеп соғады.

Дыбыс-бейнежазу туындысын жасаушы бұл туынды кез келген жағдайда пайдаланылса да өз есімін немесе атауын көрсетуге, не солай көрсетілуін талап етуге құқылы.

3. Дыбыс-бейнежазу туындысына арнайы шығарылған музыкалық туындының (мәтінмен немесе мәтінсіз) авторы осы музыкалық туындының дыбыс-бейнежазу

туындысы ретінде көпшілік алдында әрбір орындалуы жағдайында оның көпшілікке хабарланғаны, сондай-ақ дыбыс-бейнежазу туындысы данасының прокатқа (жалға) берілгені үшін сыйақы алу құқығын сақтап қалады.

4. Дыбыс-бейнежазу туындысына құрамдас бөлік ретінде енген, бұрыннан бар (сценарий негізіне алынған роман авторы және басқалар), сондай-ақ жұмыс процесінде туған (қоюшы-оператор, қоюшы-суретші және басқалар) туындылар авторларының әрқайсысы өз туындысына авторлық құқықты пайдаланады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 2004.07.09. № 586, 2005.11.22. № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

14-бап. Қызметтік туындыларға авторлық құқық

1. Қызмет бабында міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібі бойынша жасалған туынды авторының мүліктік емес жеке құқығын қызметтік туынды авторы иеленеді.

2. Егер жұмыс беруші мен автор арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, қызметтік туындыға мүліктік (айрықша) құқықтарға жұмыс беруші ие болады.

3. Қызметтік туынды кез келген жағдайда пайдаланылса, жұмыс беруші өз атауын көрсетуге немесе солай көрсетілуін талап етуге құқылы.

4. Алып тасталды - ҚР-ның 2009.07.10. № 179-IV Заңымен.

5. Қызмет бабындағы міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмаларын орындау тәртібімен энциклопедияларды, энциклопедиялық сөздіктерді, ғылыми еңбектердің мерзімді және жалғастырыла беретін жинақтарын, газеттерді, журналдарды және басқа да мерзімді басылымдарды (осы Заңның 11-бабының 2-тармағы) жасауға бұл баптың ережелері қолданылмайды.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. № 179-IV Заңымен.

15-бап. Мүліктік емес жеке құқықтар

1. Автордың өз туындысына қатысты мынадай мүліктік емес жеке құқықтары болады:

1) туындының авторы деп танылу құқығы және оны тануды, соның ішінде, егер іс жүзінде мүмкін болса, туынды кез келген жария пайдаланылған кез келген жағдайда оның даналарына автордың есімін тиісті түрде көрсету арқылы тануды талап ету құқығы (авторлық құқық);

2) туынды пайдаланылған кез келген жағдайда оның даналарына автордың шын есімінің орнына лақап есімін (бүркеншік есімін) көрсету және соны талап ету немесе есімін көрсетуден бас тарту құқығы, яғни жасырындық (есімі аталу құқығы);

3) туындының атауымен қоса, оған қол сұғылмаушылық құқығы, туындыны кез-келген жолмен бүлдіруге, бұрмалауға немесе өзге жолмен өзгертуге, сондай-ақ автордың абыройына немесе беделіне нұқсан келтіре алатын басқа кез-келген қол сұғушылыққа қарсы әрекет ету құқығы (автордың беделін қорғау құқығы).

4) қызметтік міндеттерді немесе жұмыс берушінің қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған туындыларды қоспағанда, туындыға белгісіз адамдар тобының қол жеткізуіне жол ашу құқығы (халыққа жария ету құқығы).

2. Бұрын қабылданған шешімнен пайдаланушыға келтірілген зиян, соның ішінде оның айрылып, қалған пайдасы өтелген жағдайда автордың туындыны жариялау туралы ондай шешімнен бас тартуға құқығы бар (кері қайтарып алу құқығы). Егер туынды жарияланып кеткен болса, автор оны кері қайтарып алатыны туралы жария түрде хабарлауға міндетті. Бұл ретте ол туындының бұрын дайындалған даналарын өз есебінен қайтып алуға құқылы.

Қызметтік туындыларды жасаған кезде бұл тармақтың ережелері қолданылмайды.

3. Автордың мүліктік құқықтарына қарамастан, оның мүліктік емес жеке құқықтары болады және оларды туындыны пайдалану жөніндегі айрықша құқықтарын біреуге берген жағдайда да сақтап қалады.

4. Авторды оның осы бапта көзделген мүліктік емес жеке құқықтарынан айыруға болмайды.

5. Автор қайтыс болғаннан кейін оның мүліктік емес жеке құқықтары осы Заңның 30-бабында белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 586, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Мүліктік құқықтар

1. Автордың немесе өзге құқық иеленушінің сол туындыны кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға мүліктік (айрықша) құқығы бар.

2. Автордың туындыны пайдалануға айрықша құқықтары төмендегі әрекеттерді жүзеге асыру, рұқсат ету немесе жүзеге асыруға тыйым салу құқығын білдіреді:

1) туындыны қайта шығару (қайта шығару құқығы);

2) туындының түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен таратуына: сатуына, айырбастауына, прокатқа (жалға) беруіне, өзге де операциялар, оның ішінде ашық телекоммуникациялар желісінде операциялар жасауына (тарату құқығы);

3) тарату мақсатында туынды даналары, соның ішінде автордың немесе авторлық құқықтардың өзге иесінің рұқсатымен дайындалған даналарын импорттау (импортқа әкелу құқығы);

4) туындыны жария көрсету (жария көрсету құқығы);

5) туындыны жария орындау (жария орындау құқығы);

6) туындыны жария хабарлау (туындыны жалпы жұрттың назарына арнап хабарлау) , соның ішінде эфирде немесе кабель арқылы хабарлау (жария хабарлау құқығы);

7) жалпы жұрттың назарына арнап эфирде алғашқы және (немесе) кейінгі хабарлауды қоса алғанда туындыны эфирде хабарлау (эфирде жариялау құқығы);

8) жалпы жұрттың назарына арнап кабель арқылы алғашқы және (немесе) кейінгі хабарлауды қоса алғанда туындыны кабель арқылы хабарлау (кабель арқылы хабарлау құқығы);

9) туындыны аудару (аудару құқығы);

10) туындыны қайта жасау, музыкалық әуендеу немесе басқаша түрде қайта өңдеу (өңдеу құқығы);

10-1) туындыны жалпы жұрттың назарына жеткізу (жалпы жұрттың назарына жеткізу құқығы)

11) Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру құқықтарын білдіреді.

3. Егер туындының заңды түрде жарияланған даналары оларды сату арқылы азаматты айналымға түсірілсе, онда олардың автордың келісімінсіз және сыйақы төлемей одан әрі таратуға жол беріледі.

Туындының түпнұсқасын немесе даналарын жалға беру (және көпшілікке жалға беру) арқылы тарату құқығы, ол даналарға меншік құқығына қарамастан:

1) ноталық мәтін түріндегі музыкалық туындының;

2) фонограммаға түсірілген туындының;

3) дыбыс-бейнежазу туындысының;

4) дерекқордың;

5) компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) авторына немесе авторлық құқықты иеленушісіне тиесілі болады.

4. Сәулет, қала құрылысы және бау-саябақ жобаларын пайдалануға айрықша құқықтар мұндай жобалардың нақты іске асырылуын да қамтиды.

5. Автордың немесе өзге құқық иеленушінің туындыны пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алуға құқығы бар, оның мөлшері мен есептелу тәртібі авторлық шартпен, сондай-ақ авторлардың құқықтарын ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдармен жасасатын шарттармен белгіленеді.

6. Осы баптың 2-тармағында көзделген мүліктік құқықтарды шектеулер, егер мұндай шектеулер туындыны дұрыс пайдалануға зиян келтірмей, автордың немесе өзге де құқық иеленушінің заңды мүдделеріне негізсіз қысым жасамайтын болса, осы Заңның 18-26-баптарымен белгіленеді.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 586, 2005.11.22 № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10 № 179-IV, 2012.01.12 № 537 -IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2015 № 419-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-1-бап. Авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелері

Туындының сипатына немесе оны пайдалану ерекшеліктеріне (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және телевизияда орындауға, туындыны механикалық, магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге және осы Заңның 26-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, уәкілетті орган мәдениет, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау салаларындағы мүдделі уәкілетті органдармен келісу бойынша авторлық сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін белгілейді.

Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым пайдаланушылармен шарттар жасасу кезінде авторлық сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін уәкілетті орган белгілеген сыйақының ең төмен мөлшерлемелерінен төмен етіп белгілеуге құқылы емес.

Ескерту. 16-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.07.09. № 586; жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Бейнелеу өнері туындыларын еркін пайдалану құқығы. Қадағалау құқығы

1. Бейнелеу өнері шығармасының авторы туындының меншік иесінен өз туындысының көшірмесін жасау құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік беруін талап етуге құқылы (қол жеткізу құқығы). Бұл орайда туындыны меншік иесінен туындыны авторға жеткізіп беруді талап етуге болмайды.

2. Бейнелеу өнері туындысының түпнұсқасын жария түрде (аукцион, бейнелеу өнерінің галереясы, көркемдік салоны, дүкен және сол сияқтылар арқылы) қайталап сатқан әрбір жағдайда мұндай бейнелеу өнері туындысын меншіктену құқығынан бірінші рет айырылғаннан кейін автордың немесе оның мұрагерлерінің сатушыдан қайталап сату бағасының бес проценті мөлшерінде сыйақы алуға құқығы бар (қадағалау құқығы). Авторды тірі кезінде аталған құқықтан айыруға болмайды және ол заң бойынша немесе қалдырған өсиеті бойынша авторлық құқық мерзімінде тек қана автордың мұрагерлеріне көшеді.

3. Бейнелеу өнері туындысына меншік құқығының автордан басқа тұлғаға ауысуы (өтеулі немесе өтеусіз) осы туындының бірінші рет иеліктен айырылуын білдіреді.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586 Заңымен.

18-бап. Туындыны жеке мақсатта автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей көшірмелеу

1. Заңды түрде жарияланған туындыны автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей жеке тұлғаның тек өз мақсаты үшін және

табыс алмай, осы Заңның 26-бабында көзделген реттерді қоспағанда, жалғыз дана етіп көшірмелеуіне жол беріледі.

2. Осы баптың 1-тармағының ережесі:

1) үйлер және солар сияқты ғимараттар түріндегі сәулет өнері туындыларын көшірмелеуге;

2) дерекқорларды немесе олардың елеулі бөліктерін көшірмелеуге;

3) осы Заңның 24-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, компьютерлік бағдарламаны (бағдарламалық қамтылымды) қайта шығаруға;

4) кітаптарды (толығымен) және нота мәтіндерін репродукциялауға (репрографиялық қайта шығаруға) қолданылмайды.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586, 22.11.2005 № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 10.07.2009 № 179-IV; 24.11.2025 № 233 -VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Туындыны автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей пайдалану

Автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей, бірақ туындысы пайдалынатын автордың есімін және қай деректен алынғаны міндетті түрде көрсетіле отырып, шығарманы пайдалануға мынадай жағдайларда жол беріледі:

1) заңды түрде жарияланған туындылардан түпнұсқа күйінде және аударма түрінде ғылыми, зерттеу, пікірталас, сыни және ақпараттық мақсатта, баспасөзге шолу ретінде газеттер мен журналдар мақалаларынан алынған үзінділерін қоса алғанда, дәйексөз алу мақсатына сай көлемінде дәйексөз алу;

2) заңды түрде жарияланған туындыларды және олардан алынған үзінділерін оқыту сипатындағы басылымдарда, радио және телехабарларда, дыбыс-бейнежазуларда алға қойған мақсатқа сай көлемде кіріс алмастан пайдалану;

3) ағымдағы экономикалық, саяси, әлеуметтік және діни мәселелер бойынша газеттерде немесе журналдарда заңды түрде жарияланған мақалаларды немесе эфирге берілген осындай сипаттағы туындыларды жалпы жұртшылық назарына жеткізу үшін, автор тарапынан мұндай көшірмелеуге, эфирге беруге немесе хабарлауға арнауы тыйым салынбаған жағдайларда, газеттерге көшіріп басу, эфирге тарату немесе кабель бойынша хабарлау;

4) көпшілік алдында сөйленген саяси сөздерді, үндеулерді, баяндамаларды және басқа осы сияқты туындыларды ақпараттық мақсатқа сай көлемде жалпы жұртшылық назарына жеткізу үшін газеттерге көшіріп басу, эфирге тарату немесе кабель бойынша хабарлау. Бұл орайда автордың мұндай туындыларды жинақтарда жариялау құқығы сақталады;

5) ағымдағы оқиғалар барысында көрінген немесе естілген ағымдағы оқиғаларды суретке түсіру немесе кинематография құралдары, эфирге тарату немесе жалпы жұртшылық назарына жеткізу үшін кабель бойынша хабарлау арқылы ақпараттық мақсатқа сай көлемде шолуларда көшірмелеу немесе көпшілік назарына арналған хабар . Бұл орайда автордың мұндай туындыларды жинақтарда жариялау құқығы сақталады;

6) заңды түрде жарияланған туындыларды бедерлі-нүкте жазумен немесе зағип адамдарға арналған басқа да арнайы тәсілдермен, осылайша көшірмелеу үшін арнайы жасалған туындыларды қоспағанда, пайда таппай көшірмелеу, тарату, жалпы жұрттың назарына жеткізу, көпшілік алдында орындау;

7) кітапханалардың және мұрағаттардың туындының жоғалған немесе бүлінген даналарын ауыстыру мақсатында құқыққа сыйымды жарияланған туындыларды пайда алмастан цифрлық форматқа ауыстыру арқылы туындының жалғыз данасын қайта шығаруы, сондай-ақ өздерінің қорларынан туындыны қандай да бір себептермен жоғалтқан басқа да кітапханаларға туындының даналарын беру.

8) меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарының жинақтарда, газеттерде және басқа да мерзімді баспа басылымдарында құқыққа сыйымды түрде жарияланған жекелеген мақалалар мен көлемі шағын туындыларды, өзге де құқыққа сыйымды түрде жарияланған жазбаша шығармалардан қысқаша үзінділерді (иллюстрациялармен немесе иллюстрацияларсыз) кіріс алмай қайта шығаруы және олардың көшірмелерін білім алушылар мен педагогтерге емтихандар, аудиториялық сабақтар өткізу және өз бетінше дайындалу үшін осыған қажетті мөлшерде беру.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. № 586, 2009.07.10. № 179-IV; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Туындыларды репродукциялау арқылы пайдалану

Автордың немесе өзге құқық иеленушінің келісімінсіз және сыйақы төлемей, бірақ туындысы пайдаланылатын автордың есімі мен қай деректен алынғаны міндетті түрде көрсетіле отырып, туындының жалғыз данасын:

1) заңды түрде жарияланған туындыны кітапханаларда және архивтерде қалпына келтіру, жоғалып кеткен немесе бүлінген даналарды ауыстыру, өз қорындағы туындыны белгілі бір себептермен жоғалтып алған басқа кітапханаларға туындының даналарын беру үшін;

2) кітапханалар мен архивтердің жинақтарда, газеттерде және басқа мерзімді басылымдарда заңды түрде жарияланған жеке мақалалар мен шағын көлемді туындыларды, заңды түрде жарияланған жазбаша туындылардан қысқаша үзінділерді (

суретпен немесе суретсіз) жеке тұлғалардың оқып-үйрену және зерттеу мақсатындағы сауалдары бойынша;

3) жинақтарда, газеттерде және басқа да мерзімді басылымдарда заңды түрде жарияланған жекелеген мақалалар мен шағын көлемді туындыларды, заңды түрде жарияланған жазбаша туындылардың қысқаша үзінділерін (суретпен немесе суретсіз) білім беру ұйымдары дәрісханалардағы сабаққа пайдалану үшін, пайда алмай репродукциялауына жол беріледі.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586, 2007.07.27. № 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

21-бап. Еркін кіріп көруге ашық орындарға тұрақты қойылған туындыларды еркін пайдалану

Туындыны бейнелеу қайта шығарудың, эфирге берудің және (немесе) кәбіл бойынша жалпыжұрттың назарына хабарлаудың негізгі объектісі болатын немесе туындыны бейнелеу коммерциялық мақсат үшін пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, еркін кіріп көруге ашық орындарға тұрақты қойылған сәулет, суретке түсіру, бейнелеу өнері туындыларын автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей қайта шығаруға, эфирге беруге және (немесе) кәбіл бойынша жалпы жұрттың назарына хабарлауға жол беріледі.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586, 2009.07.10. № 179-IV Заңдарымен.

22-бап. Туындыларды ресми және өзге де рәсімдер кезінде көпшілік алдында орындау

Заңды түрде жарияланған музыкалық туындыларды ресми және діни рәсімдер, сондай-ақ өлікті жерлеу кезінде көпшілік алдында сол рәсімдердің сипатына сәйкес келетін көлемде автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей орындауға жол беріледі.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586 Заңымен.

23-бап. Туындыларды сот және әкімшілік мақсаттар үшін көшірмелеу

Туындыларды сот және әкімшілік іс жүргізу үшін осындай мақсатқа белгіленген көлемде автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей көшірмелеуге жол беріледі.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586 Заңымен.

24-бап. Компьютерлік бағдарламаларды (бағдарламалық қамтылымды) және дерекқорды еркін көшірмелеу. Компьютерлік бағдарламаларды (бағдарламалық қамтылымды) қайта құрастыру

Ескерту. 24-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) немесе дерекқордың данасын заңды түрде иеленетін адам автордың немесе өзге айрықша

құқықтар иесінің рұқсатын алмай және қосымша сыйақы төлемей туындыны пайдалануға:

1) компьютерлік бағдарламаға (бағдарламалық қамтылымға) немесе дерекқорға оны пайдаланушының техникалық құралдарында жұмыс істеу мақсатында ғана жүзеге асырылатын өзгерістерді енгізуге, Компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) немесе дерекқордың жұмыс істеуіне қажетті оның мақсатына сәйкес кез-келген іс-әрекетті, соның ішінде ЭЕМ-нің (бір ЭЕМ немесе жүйені бір пайдаланушы) зердесіне жазу мен сақтауды, сондай-ақ автормен жасалған шартта өзгеше көзделмесе, көрінеу қателерді түзетуді жүзеге асыруға;

2) Компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) немесе дерекқордың көшірмесін тек қана архивтік мақсатқа және Компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) немесе дерекқордың түпнұсқасы жоғалып, жойылып кеткен немесе пайдалануға жарамай қалған жағдайларда заңды түрде алынған дананы ауыстыру үшін ғана жасауға немесе жасауды тапсыруға құқылы. Бұл орайда компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) және дерекқордың көшірмесін осы тармақтың 1)-тармақшасында көрсетілгеннен басқа мақсаттарға пайдалануға болмайды және компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) және дерекқордың данасын иелену заңды деп тану тоқтатылған жағдайда ол жойылуға тиіс.

2. Компьютерлік бағдарлама (бағдарламалық қамтылым) данасын заңды түрде иеленетін адам автордың немесе өзге де айрықша құқықтар иесінің келісімінсіз және қосымша сыйақы төлемей объект кодын көшіруге және бастапқы мәтінде өзгертуге (компьютерлік бағдарламаны (бағдарламалық қамтылымды) қайта құрастыруға) немесе, егер олар осы адамның дербес әзірлеген компьютерлік бағдарламасының (бағдарламалық қамтылымының) қайта құрастырылған бағдарламамен өзара іс-әрекет жасай алатын өзге бағдарламалармен өзара іс-әрекет жасау қабілетіне жету үшін қажет болса, мынадай шарттарды сақтаған жағдайда ол бұл іс-әрекетті жүзеге асыруды өзге адамдарға тапсыруға құқылы:

1) өзара іс-әрекет жасау қабілетіне жету үшін қажетті, бұл адам бұрын басқа деректерден ала алмаған ақпарат;

2) аталған әрекеттер компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) қайта құрастырылған, өзара іс-әрекет қабілетіне жету үшін қажетті бөліктері жөнінде ғана жүзеге асырылады;

3) қайта құрастыру нәтижесінде алынған ақпаратты дербес әзірленген компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) өзге бағдарламалармен өзара іс-әрекет жасау қабілетіне қол жеткізу үшін ғана пайдалануға болады, дербес әзірленген компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) басқа бағдарламалармен өзара іс-әрекет жасау қабілетіне қол жеткізу үшін қажет болатын жағдайларды қоспағанда, оны өзге адамдарға беруге болмайды, сондай-ақ оны өзінің түрі жағынан

қайта құрастырылатын компьютерлік бағдарламаға (бағдарламалық қамтылымға) едәуір ұқсайтын компьютерлік бағдарламаны (бағдарламалық қамтылымды) әзірлеу үшін немесе авторлық құқықты бұзатын басқа да кез-келген әрекетті жүзеге асыру үшін пайдалануға болмайды.

3. Бұл баптың ережелерін қолдану компьютерлік бағдарламаны (бағдарламалық қамтылымды) немесе дерекқорды қалыпты пайдалануға орынсыз залал келтірмеуге тиіс және автордың немесе компьютерлік бағдарламаға (бағдарламалық қамтылымға) немесе дерекқорға айрықша құқықтың өзге де иесінің заңды мүдделеріне негізсіз қысым жасамауға тиіс.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586; 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Туындыларды қысқа мерзімге пайдалану үшін эфирге хабар тарату ұйымдары жүзеге асыратын жазбалар

Эфирге хабар тарату ұйымы автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және қосымша сыйақы төлемей осы ұйым эфирге беруге құқық алған туындыны қысқа уақытқа пайдалану үшін жазбасын мынадай жағдайларда:

1) жазбаны эфирге хабар тарату ұйымы өз жабдықтарының көмегімен және өз хабарлары үшін дайындаған;

2) егер жазылған туынды авторымен немесе өзге де құқық иеленушісімен неғұрлым ұзақ мерзімге келісілмесе, мұндай жазбаны ол әзірленгеннен кейінгі алты ай ішінде жойылған жағдайларда жазуға болады. Егер жазбаның құжаттық мәні ерекше болса, мұндай жазба туынды авторының немесе өзге де құқық иеленушісінің келісімінсіз-ақ ресми мұрағаттарда сақталуы мүмкін.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586, 2009.07.10. № 179-IV Заңдарымен.

26-бап. Туындыны авторлық сыйақысын төлеп, автордың келісімінсіз жеке мақсатта көшірмелеу

1. Туынды авторының, орындаушының, дыбыс-бейнежазу туындысын шығарушының және фонограмма жасаушының келісімінсіз, бірақ оларға сыйақы төлеп, дыбыс-бейнежазу туындысын немесе туындының дыбыстық жазбасын жеке мақсатта және табыс алмай көшірмелеуге жол беріледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қайта шығару үшін сыйақыны осындай қайта шығару үшін пайдаланылатын жабдықтар мен материалдық жеткізгіштерді дайындаушы немесе импорттаушы тұлғалар төлейді.

Осындай жабдық пен материалдық жеткізгіштердің тізбесін уәкілетті орган бекітеді .

3. Осы Заңның 43-бабының 3-тармағы екінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген сыйақыны жинауды, бөлуді және төлеуді сараптама ұйымы жүзеге асырады.

4. Көрсетілген сыйақыны сараптама ұйымы осы Заңға сәйкес құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар арасында мынадай пропорцияда бөледі: авторларға – қырық пайыз, орындаушыларға – отыз пайыз, фонограмма шығарушыларға отыз пайыз .

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Сыйақының мөлшерін, оны жинау, бөлу және төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының уәкілетті органы белгілейді.

6. Осы баптың 2-тармағында аталған, экспортқа шығаруға болатын жабдықтар мен материалдық жеткізгіштер, сондай-ақ үй жағдайында пайдалануға арналмаған кәсіптік жабдықтарға сыйақы төленбейді.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. № 586, 2005.11.22. № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-бап. Туындыларды жеке мақсатта шет елге шығару

Шетке шығарылған жағдайда республиканың ұлттық мүдделеріне зиян келтірілетін, тізбесі белгіленген тәртіп бойынша анықталатын туындыларды қоспағанда, туындының данасын автордың немесе өзге де құқық иесінің келісімінсіз және сыйақы төлемей тек қана жеке адамның өз мақсаттары үшін шет елге шығаруына жол беріледі.

28-бап. Авторлық құқықтың қолданылу мерзімі

1. Авторлық құқық автордың бүкіл ғұмыры бойы және қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

2. Авторлық құқығын, оның есімнің құқығын және автордың беделін қорғау құқығын қорғауға шек қойылмайды.

3. Алып тасталды - ҚР-ның 2009.07.10. № 179-IV Заңымен.

4. Жасырын немесе бүркеншік атпен жарияланған туындыға авторлық құқы ол туынды заңды түрде жарияланған күннен кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды. Егер аталған мерзім ішінде жасырын немесе бүркеншік атпен шығарылған туындының авторы өзінің шын есімін немесе оның кім екені ендігі жерде күмән туғызбаса, осы баптың 1-тармағының ережесі қолданылады.

5. Тең авторлар жасаған туындыға авторлық құқық өмір бойы және басқа тең авторлардан ұзақ өмір сүрген ең соңғы автор қайтыс болғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

6. Автор қайтыс болғаннан кейін отыз жыл ішінде бірінші рет жарыққа шығарылған туындыға авторлық құқық туынды жарыққа шыққаннан кейінгі жылдың бірінші

қаңтарынан есептегенде ол жарыққа шыққаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

7. Егер автор қуғын-сүргінге ұшырап, қайтыс болғаннан кейін ақталса, онда құқық қорғаудың осы бапта көзделген мерзімі ақталған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енеді.

8. Осы бапта көзделген мерзім сол мерзімнің басталуы үшін негіз болып табылатын заңды факт болған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан есептеле бастайды.

9. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес туындыға қорғау берілген кезде, осы Заңның 5-бабының 4-тармағына сай авторлық құқықтың қолданылу мерзімін туындының шыққан елінде белгіленген мерзімнен асыруға болмайды.

Осы бапта көзделген мерзімдер мерзімнің өтуінің басталуына негіз болып табылатын заңдық факт осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейінгі жетпіс жылдан әрі емес мерзімде орын алған барлық жағдайларда қолданылады.

Ескерту. 28-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586, 22.11.2005 № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 10.07.2009 № 179-IV Заңдарымен.

29-бап. Туындылардың қоғамдық игілікке айналуы

1. Туындыға авторлық құқықтың қолданылу мерзімінің бітуі олардың қоғамдық игілікке айналғандығын білдіреді.

2. Алып тасталды – ҚР 09.07.2004 № 586 Заңымен.

3. Қоғамдық игілікке айналған туындыларды кез-келген адам авторлық сыйақы төлемей еркін пайдалана алады. Бұл орайда авторлық құқық, автор есімінің құқығы мен оның беделін қорғау құқығы сақталуға тиіс.

4. Қоғамдық игілікке айналған туындыларды пайдаланушылар авторлардың шығармашылық қызметіне ықпал ету, олардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын жақсарту мақсатында авторлардың кәсіби қорына немесе авторлардың құқықтарын ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарға қаржы аударуға ерікті.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586; 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

30-бап. Авторлық құқықтың ауысуы

1. Авторлық құқық шарт бойынша және мұра ретінде беріледі.

2. Авторлық құқық мұрагерлік тәртібімен заң бойынша немесе өсиет бойынша ауысады.

3. Автордың осы Заңның 15-бабында көзделген мүліктік емес жеке құқықтары мұрагерлік бойынша ауыспайды. Автордың мұрагерлері мүліктік емес жеке құқықтарын қорғауды жүзеге асыруға құқылы. Мұрагерлердің аталған заңды құқықтарының мерзімі шектелмейді.

4. Өсиет орындаушыны тағайындайтын тәртіп бойынша автор өзінің мүліктік емес жеке құқықтарын қорғауды жүктейтін адамды көрсетуге құқылы. Мұндай адам өз өкілеттігін өмір бойы атқарады. Автордың мұндай нұсқауы болмаған жағдайда автор қайтыс болғаннан кейін оның мүліктік емес жеке құқықтарын қорғауды оның мұрагерлері, егер мұрагерлері болмаса немесе олардың авторлық құқығы тоқтатылған болса, Қазақстан Республикасының мұндай қорғауды жүзеге асыратын уәкілдік берілген органы атқарады.

31-бап. Мүліктік құқықтың берілуі. Авторлық шарт

1. Автордың осы Заңның 16-бабында аталған мүліктік құқықтары толық немесе ішінара берілуі, сондай-ақ айрықша құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша немесе айрықша емес құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша пайдалану үшін берілуі мүмкін.

Мүліктік құқықтарды қалай да болсын басқаға беру автордың және мүліктік құқықтар берілетін адамның қолы қойылатын жазбаша шартпен ресімделуге тиіс.

2. Айрықша құқықтарды беру туралы авторлық шарт осы құқықтар берілген адамға ғана туындыны белгілі бір әдіспен және шартта белгіленген шекте пайдалануға рұқсат етеді және мұндай адамға басқа адамдардың туындыны осылайша пайдалануына тыйым салу құқығын береді. Егер айрықша құқықтар берілген адам бұл құқықты қорғауды жүзеге асырмаса, басқа адамдарға туындыны пайдалануға тыйым салу құқығын туындының авторы жүзеге асыра алады.

3. Айрықша емес құқықтарды беру туралы авторлық шарт пайдаланушыға осындай құқықты берген айрықша құқық иесімен және (немесе) осы туындыны сондай әдіспен пайдалануға рұқсат алған басқа адамдармен туындыны тең жағдайда пайдалануға рұқсат етеді.

4. Авторлық шарт бойынша берілген құқықтар, егер шартта тікелей өзгеше көзделмесе, айрықша емес құқықтар деп есептеледі.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586 Заңымен.

32-бап. Авторлық шарттың талаптары мен нысаны

Ескерту. 32-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 07.04.2015 № 300-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Авторлық шартта:

1) туындыны пайдалану әдістері (осы шарт бойынша берілетін нақты құқықтар);

2) құқық берілетін мерзім мен аумақ;

3) сыйақы мөлшері және (немесе) туындыны пайдаланудың әрбір әдісі үшін сыйақы мөлшерін белгілеу тәртібі, оны төлеудің тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ тараптар осы шарт үшін маңызды деп есептейтін басқа да жағдайлар көзделуге тиіс.

2. Авторлық шартта құқықтың берілу мерзімі туралы ереже болмаған жағдайда, егер пайдаланушыға бұл жөнінде шарттың бұзылуына дейін үш ай бұрын жазбаша

хабарланған болса, автор шартты ол жасалған күннен бастап бір жыл өткен соң бұза алады.

3. Авторлық шартта құқық берілетін аумақ туралы ереже болмаған жағдайда шарт бойынша берілетін құқықтың қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

4. Туындыны пайдалануға авторлық шарт бойынша тікелей берілмеген құқықтар берілмеді деп саналады.

5. Шарт жасалған кезде белгісіз болған туындыны пайдалану құқықтары авторлық шарт мәселесі бола алмайды.

6. Сыйақы туындыны тиісінше пайдалану әдісіне сәйкес түсетін табыс проценті түрінде авторлық шартта немесе, егер мұны туындының сипатынан немесе оны пайдалану ерекшеліктеріне байланысты жүзеге асыру мүмкін болмаса, шартта көрсетілген сома түрінде не басқаша түрде белгіленеді.

7. Авторлық шарт бойынша берілген құқықтар, егер ол тек шартта тікелей көзделген болса, басқа адамдарға түгелдей немесе ішінара берілуі мүмкін.

8. Осы Заңның 14 және 33-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, автордың болашақта жасайтын туындыларын пайдалану құқықтары авторлық шарт мәселесі бола алмайды.

9. Автордың болашақта белгілі бір тақырыпта немесе белгілі бір салада туынды жасауына шек қоятын авторлық шарт ережесі маңызсыз болып табылады.

10. Осы Заң ережелеріне қайшы келетін авторлық шарт ережелері маңызсыз болып табылады.

11. Авторлық шарт жазбаша түрде жасалуға тиіс. Туындыны мерзімді баспасөзде пайдалану туралы авторлық шарт ауызша түрде жасалуы мүмкін.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

12-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12. Электрондық нысанда жасалған туындылардың, оның ішінде компьютерлік бағдарламаның (бағдарламалық қамтылымның) және дерекқордың даналарын сату кезінде, сондай-ақ көпшілік пайдаланушыларға оны пайдалануға рұқсат беру кезінде оларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де шарт нысандары мен оларды жасасу тәртібін қолдануға болады.

13. Авторлық шартта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған тарап екінші тарапқа келтірілген залалды, соның ішінде алынбаған пайдасын өтеуге міндетті.

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. № 586; 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

33-бап. Тапсырыстың авторлық шарты

1. Тапсырыстың авторлық шарты бойынша автор шарт ережелеріне сәйкес туынды жасап, оны тапсырысшыға беруге міндеттенеді.

Тапсырыстың авторлық шартында туынды тапсырыс берушіге берілуге тиіс мерзім, сондай-ақ туындыны пайдалануға мүліктік құқықтарды беру көзделуге тиіс.

2. Тапсырыстың авторлық шартында тапсырыс берушінің авторға аванс төлеуі көзделуі мүмкін. Аванстың мөлшері, төлеу тәртібі мен мерзімі тараптардың келісуімен шартта белгіленеді.

3. Тапсырыс шартының ережелеріне тапсырыс туындысын табыс етпеген автор тапсырыс берушіге келтірген нақты зиянды өтеуге міндетті.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-ТАРАУ. САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАР

34-бап. Сабақтас құқықтардың объектілері

Сабақтас құқықтар қойылымдарға, орындаушылықтарға, фонограммаларға, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларына олардың мақсатына, мазмұны мен сапасына, сондай-ақ жеткізілу әдісі мен нысанына қарамастан қолданылады.

35-бап. Сабақтас құқықтардың субъектілері

1. Орындаушылар, фонограмма жасаушылар, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдары сабақтас құқықтардың субъектілері болып табылады.

2. Фонограмма жасаушы, эфир және кәбіл бойынша хабар таратушы ұйымдар осы тарауда көзделген құқықтарын орындаушымен және фонограммаға жазылған не эфирде немесе кабель бойынша берілетін туындыны орындаушымен, сондай-ақ оның авторымен жасалған шарт бойынша алған құқықтары шегінде жүзеге асырады.

3. Орындаушы осы тарауда көзделген құқықтарын орындалатын туынды авторларының құқықтарын сақтаған жағдайда жүзеге асырады.

4. Сабақтас құқықтардың пайда болуы және жүзеге асырылуы үшін қандай да болсын формальдылықты сақтау талап етілмейді. Фонограмма шығарушы және (немесе) орындаушы өз құқықтары туралы хабарлау үшін фонограмманың әр данасында және (немесе) оның әрбір қорбындата көрсетілетін және үш элементтен тұратын сабақтас құқықтарды қорғау белгісін пайдалануға құқылы, олар:

1) қоршауға алынған латынша Р әрпі: Р;

2) айрықша сабақтас құқықтар иесінің есімі (атауы);

3) фонограмманың алғаш жарияланған жылы.

5. Егер өзгеше дәлелденбесе, фонограммада және (немесе) оның қорабында есімі немесе атауы көрсетілген жеке немесе заңды тұлға фонограмма шығарушы болып танылады.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.11.22. № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10. № 179-IV Заңдарымен.

36-бап. Сабақтас құқықтардың қолданылу аясы

1. Орындаушының құқықтары осы Заңға сәйкес мына жағдайларда, егер:

1) орындаушы Қазақстан Республикасының азаматы болса;

2) орындаушылық, қойылым алғаш рет Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылса;

3) орындаушылық, қойылым осы баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес қорғалатын фонограммаға жазылса;

4) фонограммаға жазылмаған орындаушылық, қойылым осы баптың 3-тармағының ережелеріне сәйкес қорғалатын эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабарына енгізілген болса, танылады.

2. Фонограмманы жасаушының құқықтары осы Заңға сәйкес мына жағдайларда, егер:

1) фонограмма жасаушы Қазақстан Республикасының азаматы немесе Қазақстан Республикасының аумағында ресми тұрғылықты жері бар заңды тұлға болса;

2) фонограмма тұңғыш рет Қазақстан Республикасының аумағында жарық көрсе, танылады. Егер фонограмма Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жарияланған күннен кейін отыз күн ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жарияланса, ол да Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет жарияланды деп саналады.

3. Эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының құқықтары осы Заңға сәйкес, егер ұйымының Қазақстан Республикасының аумағында ресми тұрғылықты жері бар болса және хабарларын Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан хабар таратқыштар көмегімен жүзеге асырса, танылады.

4. Шетелдік жеке және заңды тұлғалардың сабақтас құқықтары, егер тиісті орындаушылық, фонограмма, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабары Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарттың ережелері бойынша айқындалатын олардың шыққан елінде, сабақтас құқықтардың сол елде белгіленген қолданылу мерзімінің өтуі салдарынан қоғам игілігіне айналмаған болса және сабақтас құқықтардың қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты Қазақстан Республикасында қоғам игілігіне айналмаған болса, Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес танылады.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586 Заңымен.

37-бап. Орындаушының құқықтары

1. Осы Заңда көзделген реттерді қоспағанда, орындаушыға мынадай мүліктік емес жеке және мүліктік құқықтар:

1) есімінің құқығы;

2) орындаушылықты немесе қойылымды орындаушының ар-намысына және қадір-қасиетіне нұқсан келтіре алатын кез келген бұрмалаудан немесе өзге де қолсұғушылықтан қорғалу құқығы (беделін қорғау құқығы);

3) орындаушылықты немесе қойылымды пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алу құқығын қоса, кез-келген түрде пайдалану құқығы беріледі.

1-1. Мүліктік емес жеке құқықтар орындаушыға оның мүліктік құқықтарына қарамастан тиесілі және орындаушылықты пайдалануға айрықша мүліктік құқықтарын берген жағдайда да олар өзінде сақталып қалады.

2. Орындаушының орындаушылықты немесе қойылымды пайдалануға айрықша құқықтары мынадай іс-әрекеттерді:

1) бұрын жазылмаған орындаушылықты немесе қойылымды жазуды;

2) орындаушылық немесе қойылым жазбасын кез келген нысанда тікелей немесе жанама қайта шығаруды;

3) орындаушылықтың немесе қойылымның жазбасын пайдаланбай-ақ орындаушылықты немесе қойылымды эфирге беруді, кәбіл арқылы жалпыжұрттың назарына хабарлауды немесе жалпыжұрттың назарына жеткізуді;

4) осы Заңның 39-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, орындаушылық немесе қойылым жазбасын эфирге беруді, кәбіл арқылы жалпыжұрттың назарына хабарлауды немесе жалпыжұрттың назарына жеткізуді;

5) орындаушының қатысуымен орындаушылық немесе қойылым жазылған, коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмманы прокатқа (жалға) беруді жүзеге асыруға рұқсат ету немесе тыйым салу құқығын білдіреді. Орындаушылықты фонограммаға жазуға шарт жасалған кезде бұл құқық фонограмманы шығарушыға ауысады. Бұл ретте орындаушы мұндай фонограмманың даналарын прокатқа (жалға) бергені үшін сыйақы алу құқығын сақтап қалады.

3. Орындаушының осы баптың 2-тармағының 2)-тармақшасында көзделген айрықша құқығы мына жағдайларда:

1) орындаушылықтың немесе қойылымның бастапқы жазбасы орындаушының келісімімен жасалған;

2) орындаушылықты немесе қойылымды көшірмелеу орындаушылықты немесе қойылымды жазу кезінде орындаушының келісімі алынған мақсатпен жасалған;

3) орындаушылықты немесе қойылымды көшірмелеу осы Заңның 41-бабының ережелеріне сәйкес жазба жүргізілген мақсатта жүзеге асырылған жағдайда қолданылмайды.

4. Осы баптың 2-тармағында аталған рұқсатты орындаушы береді, ал ұжым болып орындаған кезде пайдаланушымен жазбаша шарт жасау арқылы сондай ұжымның жетекшісі береді.

5. Егер орындаушының эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымымен жасасқан шартында көзделсе, орындаушылықты немесе қойылымды кейіннен беруге, мұндай жазбаны беру мен көшірмелеу үшін эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының жазып жүзеге асыруға осы баптағы 2-тармақтың 1), 2) және 3)-тармақшаларында аталған рұқсат алу талап етілмейді. Бұлайша пайдаланғаны үшін орындаушыға берілетін сыйақы мөлшері де осы шартта белгіленеді.

6. Орындаушы мен дыбыс-бейнежазу туындысын шығарушы арасында жасалған шарт орындаушының осы баптың 2-тармақтың 1), 2), 3), 4)-тармақшаларында аталған құқықтарды беруіне әкеп соғады. Орындаушының мұндай құқықтарды беруі дыбыс-бейнежазу туындысын пайдаланумен шектеледі және, егер шартта өзгеше көзделмесе, дыбыс-бейнежазу туындысына түсірілген дыбыс пен бейнені жеке пайдалану құқықтарын қамтымайды.

7. Орындаушының осы баптың 2-тармағында көзделген айрықша құқықтары шарт бойынша басқа адамдарға берілуі мүмкін.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 586, 2005.11.22. № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

38-бап. Фонограмма жасаушының құқықтары

1. Фонограмма жасаушыға өз фонограммасы жөнінде, осы Заңда көзделгендерді қоспағанда, фонограмманы пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алу құқығын қоса, фонограмманы кез-келген нысанда пайдалануға айрықша құқықтар беріледі.

2. Фонограмманы пайдалануға айрықша құқықтар мынадай іс-әрекеттерді:

1) фонограмманы тікелей немесе жанама түрде кез келген нысанда қайта шығаруды ;

2) меншік құқығын сату немесе өзгеше беру арқылы фонограмманың түпнұсқасы мен даналарын таратуды, оның ішінде импорттауды;

3) фонограмманы шығарушы немесе оның рұқсаты бойынша жүзеге асырылған оны таратудан кейін де фонограмманы прокатқа (жалға) беруді;

4) фонограмманы қайта жасауды немесе кез келген тәсілмен өңдеуді;

5) фонограмманы жалпы жұрттың назарына жеткізуді жүзеге асыру, жүзеге асыруға рұқсат ету немесе тыйым салу құқығын білдіреді.

3. Егер заңды түрде жарияланған фонограмма даналары оларды сату арқылы азаматтық айналымға түсірілсе, оларды фонограмма жасаушының келісімінсіз және сыйақы төлемей одан әрі таратуға жол беріледі. Фонограмманың даналарын прокатқа (жалға) беру арқылы тарату құқығы сол даналарды меншіктеу құқығына қарамастан фонограмманы жасаушыға беріледі.

4. Фонограмма жасаушының осы баптың 2-тармағында көзделген айрықша құқықтары шарт бойынша басқа адамдарға берілуі мүмкін.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586, 22.11.2005 № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

39-бап. Коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмманы фонограмма жасаушы мен орындаушының келісімінсіз пайдалану

1. Коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмманы жасаушының және осындай фонограммаға орындауы жазылған орындаушының келісімінсіз, бірақ сыйақы төлей отырып:

1) фонограмманы көпшілік алдында орындауға;

2) фонограмманы эфирге беруге;

3) фонограмманы кабель арқылы жалпы жұртшылық назарына жеткізу үшін хабарлауға жол беріледі.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген сыйақы жинау, бөлу және төлеу фонограмманы жасаушылар мен орындаушылардың құқықтарын ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың бірі (осы Заңның 43-бабы) осы ұйымдар арасындағы келісімге сәйкес жүзеге асырады. Егер бұл келісімде өзгеше көзделмесе, аталған сыйақы фонограмма жасаушы мен орындаушы арасында тең бөлінеді.

3. Алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Фонограммаларды пайдаланушылар осы баптың 2-тармағында аталған ұйымға фонограммалардың пайдаланылу мөлшері туралы дәл мәліметтер жазылған бағдарламаларды, сондай-ақ сыйақы жинауға және бөлуге қажетті өзге де мәліметтер мен құжаттарды табыс етуге тиіс.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

40-бап. Эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының құқықтары

1. Осы Заңда көзделген реттерді қоспағанда, эфирлік және (немесе) кабельдік хабар тарату ұйымына оның хабарына қатысты хабарды кез-келген нысанда пайдалануға және, мұндай рұқсат бергені үшін сыйақы алу құқығын қоса алғанда, хабарды пайдалануға рұқсат етуге айрықша құқықтар беріледі.

2. Хабарды пайдалануға айрықша құқықтар мынадай іс-әрекеттерді:

1) хабарды эфирге беруді;

2) жалпы жұрт назарына жеткізу үшін хабарды кәбіл арқылы хабарлауды немесе хабарды эфирге, оның ішінде өз хабарларын ретрансляциялау арқылы беруді;

3) хабарды жазып алуды;

4) хабардың жазбасын көшірмелеуді;

5) жалпы жұрт назарына жеткізу үшін хабарды ақы төлеп кіретін жерлерде хабарлауды;

6) хабарды жалпы жұрт назарына жеткізуді жүзеге асыру, мұндай іс-әрекеттерді жүзеге асыруға рұқсат ету немесе тыйым салу құқықтарын білдіреді.

3. Осы баптың 2-тармағының 4)-тармақшасында көзделген эфирлік және (немесе) кабельдік хабар тарату ұйымының айрықша құқығы мына жағдайларда:

1) хабар эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының келісімімен жазып алынғанда;

2) осы Заңның 41-бабындағы ережелерге сәйкес хабарды көшірмелеу ол жазылған мақсатта жүзеге асырылғанда қолданылмайды.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586, 22.11.2005 № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

40-1-бап. Айрықша құқықтар беру. Лицензиялық шарт

1. Осы Заңның 37, 38, 40-баптарында аталған айрықша құқықтарға толық немесе ішінара жол берілуі мүмкін, сондай-ақ олар айрықша немесе айрықша емес құқықтарды беру туралы лицензиялық шарт бойынша пайдалану үшін берілуі мүмкін. Мұндай шартқа осы Заңның 32-бабында белгіленген талаптар қолданылады.

2. Алып тасталды – ҚР 10.07.2009 № 179-IV Заңымен.

Ескерту. 40-1-баппен толықтырылды – ҚР 09.07.2004 № 586, 10.07.2009 № 179-IV Заңдарымен.

40-2-бап. Орындаушыларға және фонограмма шығарушыларға берілетін сыйақының ең төмен мөлшерлемелері

Орындауларды немесе фонограммаларды пайдалану сипатына (жұртшылық алдында, оның ішінде радиода және теледидарда орындауға, туындыны механикалық, магниттік немесе өзге де жазба арқылы қайта шығаруға, көшірмелеуге және осы Заңның 26-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, басқа да жағдайларға) байланысты мүліктік (айрықша) құқықтарды жеке тәртіппен іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, уәкілетті орган мәдениет, жеке кәсіпкерлікті дамыту және қолдау салаларындағы мүдделі уәкілетті органдармен келісу бойынша орындаушылар мен фонограмма шығарушыларға сыйақының ең төмен мөлшерлемелерін белгілейді.

Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым пайдаланушылармен шарттар жасасу кезінде фонограммаларды орындаушылар мен шығарушыларға сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін уәкілетті орган белгілеген сыйақының ең төмен мөлшерлемелерінен төмен етіп белгілеуге құқылы емес.

Ескерту. 40-2-баппен толықтырылды - ҚР 10.07.2009 № 179-IV; жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

41-бап. Орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының құқықтарын шектеу

1. Орындаушылықты, қойылымды, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын және олардың жазбаларын орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының келісімінсіз және сыйақы төлемей пайдалануға, сондай-ақ фонограмманы көшірмелеуге:

1) орындаушылықтан, қойылымнан, фонограммадан, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабарларынан шағын үзінділерді ағымдағы оқиғалар туралы шолуға қосу үшін;

2) тек қана оқыту немесе ғылыми зерттеу мақсаттарында;

3) дәйектеме ақпараттық мақсатта жүзеге асырылатын жағдайда, орындаушылықтан , қойылымнан, фонограммадан, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабарынан шағын үзінділер түрінде дәйектеме келтіруге жол беріледі. Бұл ретте, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының коммерциялық мақсатта жарияланған фонограмма даналарын эфирге беру, жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлау үшін немесе жалпыжұрттың назарына жеткізу үшін пайдалануының қандайы болса да осы Заңның 39-бабындағы ережелерді сақтаған жағдайда ғана мүмкін болады;

4) осы Заңның 18-26-баптарының ережелерінде белгіленген ғылым, әдебиет және өнер туындылары авторының мүліктік құқықтарын шектеуге қатысты өзге де жағдайларда жол беріледі.

2. Осы Заңның 37-40-баптарының ережелерінен тыс орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының келісімінсіз хабарлар мен эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабарларын және олардың жазбаларын таратуға, сондай-ақ фонограмманы тек қана жеке мақсат үшін қайта шығаруға жол беріледі. Осы Заңның 26-бабына сәйкес сыйақы төленген жағдайда фонограмманы көшірмелеуге жол беріледі.

3. Егер қысқа мерзімге пайдаланылатын жазба немесе көшірме эфирге хабар тарату ұйымының өз жабдықтары көмегімен және өзінің жеке хабары үшін жүзеге асырылса, орындаушының, фонограмма жасаушының және эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының орындаушылықты, қойылымды немесе хабарларды қысқа мерзімге пайдалануға жазып алуды жүзеге асыруға, мұндай жазбаларды көшірмелеуге және коммерциялық мақсатта жарияланған фонограммаларды көшірмелеуге рұқсат алуына қатысты осы Заңның 37, 38, 40-баптарындағы ережелер мынадай жағдайларда:

1) эфирге хабар тарату ұйымы осы тармақ ережелеріне сәйкес қысқа мерзімде пайдалануға жасалатын жазбаны немесе сондай жазбаның фонограммасын көшірмелеуді жүзеге асыруға қатысты қойылымның өзін, орындаушылықты немесе хабарды эфирге беруге алдын-ала рұқсат алғанда;

2) эфирге хабар тарату ұйымы осы Заңның 25-бабының ережелеріне сәйкес ғылым, әдебиет және өнер туындыларының қысқа мерзімге пайдалануға жасайтын жазбасына

қатысты белгіленетін мерзім ішінде, оның тек құжаттық сипатының негізінде ресми мұрағаттарда сақталуы мүмкін жазбасын қоспағанда, оны жойғанда қолданылмайды.

4. Осы бапта көзделген шектеулер фонограмманы, орындаушылықты, қойылымды, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымының хабарын және олардың жазбаларын, сондай-ақ соларға енгізілген ғылым, әдебиет және өнер туындыларын қалыпты пайдалануға зиянын тигізбей, сондай-ақ орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының және аталған туындылар авторларының заңды мүдделеріне нұқсан келтірмей қолданылады.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586, 22.11.2005 № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

42-бап. Сабақтас құқықтардың қолданылу мерзімі

1. Осы тарауда көзделген орындаушыға қатысты құқықтар алғашқы орындалудан немесе қойылымнан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды. Осы Заңның 37-бабында белгіленген орындаушының есімін, орындаушылықты немесе қойылымды кез-келген бұрмалаудан немесе орындаушының ар-намысына және қадір-қасиетіне нұқсан келтіруі мүмкін өзге де қол сұғушылықтан қорғау құқықтарының қорғалуына шек қойылмайды.

2. Осы тарауда көзделген фонограмманы жасаушыға қатысты құқықтар фонограмма алғаш жарияланғаннан кейінгі жетпіс жыл бойына, егер осы мерзім ішінде фонограмма жарияланбаған болса, ол алғаш жазылып алынғаннан кейінгі жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

3. Осы тарауда көзделген эфирде хабар тарату ұйымына қатысты құқықтар мұндай ұйым эфирде алғашқы хабар таратуды жүзеге асырғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

4. Осы тарауда көзделген кабельдік хабар тарату ұйымына қатысты құқықтар мұндай ұйым кабель арқылы жалпы жұрттың назарына арналған алғашқы хабарлауды жүзеге асырғаннан кейін жетпіс жыл бойы күшін сақтайды.

5. Заңды түрде жария болған немесе жасалған кезінен бастап, егер олар жарияланбаған болса, осы Заң күшіне енген күннен бастап жетпіс жыл мерзім өтпеген радио және телехабарлар (эфирге хабар тарату) қалған мерзімде сабақтас құқықтар объектісі ретінде қорғалады.

6. Осы баптың 1, 2, 3, 4-тармақтарында көзделген мерзімдерді есептеу оның басталуына негіз болатын заңды жәйт орын алған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан басталады.

7. Егер орындаушы қуғын-сүргінге ұшырап, қайтыс болғаннан кейін ақталған жағдайда, осы бапта көзделген құқықтарды қорғау мерзімі ол ақталған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енеді.

8. Осы баптың 1, 2, 3, 4-тармақтарында аталған орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын

пайдалануға рұқсат ету және мерзімдердің қалған бөлігі шегінде сыйақы алу құқығы орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының мұрагерлеріне (заңды тұлғаларға қатысты - құқық мұрагерлеріне) ауысады.

9. Орындаушылыққа, қойылымға, фонограммаға, эфирлік немесе кәбілдік хабар тарату ұйымдарының хабарына сабақтас құқықтардың қолданылу мерзімінің өтуі олардың қоғам игілігіне айналғанын білдіреді.

Қоғам игілігіне айналған сабақтас құқықтар объектілеріне қатысты осы Заңның 34-42-баптарының ережелері ескеріле отырып, осы Заңның 29-бабының ережелері қолданылады.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586, 22.11.2005 № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

4-ТАРАУ. МҮЛІКТІК ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҰЖЫМДЫҚ БАСҚАРУ

43-бап. Мүліктік құқықтарды ұжымдық басқарудың мақсаттары және саласы

1. Ғылым, әдебиет және өнер туындыларының авторлары, орындаушылар, фонограмма шығарушылар немесе өзге де авторлық және сабақтас құқықтар иелері өздерінің мүліктік құқықтарын іс жүзінде жүзеге асыру мақсатында құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар құруға құқылы.

2. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның коммерциялық қызметпен айналысуға, сондай-ақ ұжымдық негізде басқару үшін алған туындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

3. Әртүрлі құқықтар мен құқық иелерінің түрлі санаттары бойынша жекелеген ұйымдар, не құқық иелерінің бір санатының мүдделеріне сай түрлі құқықтарды басқаратын ұйымдар, не құқық иелерінің түрлі санаттарының мүдделеріне сай құқықтардың бір түрін басқаратын ұйымдар құруға жол беріледі. Мұндай ұйымдарды тікелей авторлық және сабақтас құқықтар иелері құрады және ұйымдар солардан алған өкілеттіктер шегінде жарғы негізінде әрекет етеді.

Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар, атап айтқанда, ұжымдық басқарудың мынадай салаларында:

1) көпшілік алдында орындалуына, жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлануына немесе эфирге, оның ішінде ретрансляциялау арқылы берілуіне, сондай-ақ жалпы жұрттың назарына жеткізілуіне қатысты жарияланған (мәтіні бар немесе мәтіні жоқ) музыкалық туындыларға және музыкалық-драмалық туындылардың үзінділеріне айрықша құқықтарды басқару;

2) дыбыстау-бейнелеу туындыларында пайдаланылған (мәтіні бар немесе мәтіні жоқ) музыкалық туындылардың авторлары болып табылатын композиторлардың осындай дыбыстау-бейнелеу туындысын көпшілік алдында орындағаны немесе жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлағаны немесе эфирге бергені, сондай-ақ жалпы жұрттың назарына жеткізгені үшін сыйақы алуға құқықтарын жүзеге асыру;

3) бейнелеу өнерінің туындыларына қатысты қадағалау құқығын басқару;

4) авторлардың, орындаушылардың, фонограммалар және дыбыстау-бейнелеу туындыларын шығарушылардың фонограммаларды және дыбыстау-бейнелеу туындыларын жеке мақсатта әрі табыс алмастан қайта шығару үшін сыйақы алуға құқықтарын жүзеге асыру;

5) орындаушылар мен фонограмма шығарушылардың коммерциялық мақсаттарда жарияланған фонограммаларды көпшілік алдында орындағаны, жалпы жұрттың назарына кәбіл арқылы хабарлағаны немесе эфирге бергені, сондай-ақ жалпы жұрттың назарына жеткізгені үшін сыйақы алуға құқықтарын жүзеге асыру;

6) алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) жарияланған туындыларды көшіруге (репрографиялық қайта шығаруға) құқықтарды басқару салаларында құрылуы мүмкін.

8) алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4-тармақтың бірінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Осы Заңның 46-1-бабының 2-тармағының ережелері ескеріле отырып, мүліктік құқықтарды ұжымдық басқаруға өкілеттікті тікелей авторлық және сабақтас құқықтар иелері жазбаша шарттардың негізінде ерікті түрде, сондай-ақ осындай құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен жасалған тиісті шарттар бойынша береді.

Бұл ретте авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілер мұндай өкілеттіктерді құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі бір ұйымға ғана бере алады.

5. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың жарғылары осы Заңның талаптарына сай келетін ережелерден тұруға тиіс. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымды тіркеуден бас тартуға осы Заңның, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу тәртібін белгілейтін заңнаманың талаптары бұзылған жағдайда жол беріледі.

6. Аталған ұйымның қызметіне басшылықты мүліктік құқықтары басқарылатын авторлық және сабақтас құқықтар иелері жүзеге асырады. Сыйақының мөлшеріне және пайдаланушылармен лицензиялық шарт жасасу ережесіне, жиналған сыйақыны бөлу және төлеу тәсіліне және мұндай ұйым қызметінің өзге де принципті мәселелеріне қатысты шешімдер қабылдауды тек қана авторлық және сабақтас құқықтар иелері жалпы жиналыста алқалы түрде жүзеге асырады.

Ескерту. 43-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.07.2009 № 179-IV; өзгерістер енгізілді - ҚР 12.01.2012 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

44-бап. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметі

1. Кез келген автор, оның мұрагері немесе осы Заңның 2 және 3-тарауларына сәйкес қорғалатын авторлық және сабақтас құқықтардың өзге де иесі өздерінің мүліктік құқықтарын мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымға беруге құқылы, ал ұйым, егер құқықтардың мұндай санатын басқару осы ұйымның жарғылық қызметіне жататын болса, бұл құқықтарды ұжымдық негізде жүзеге асыруды өз мойнына алуға міндетті. Аталған ұйымдардың ұжымдық негізде басқару үшін алынған туындыларды және сабақтас құқықтардың объектілерін пайдалануға құқығы жоқ.

2. Осы Заңның 43-бабының 3-тармағына сәйкес алынған өкілеттіктер негізінде мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым туындыларды және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланудың тиісті тәсілдеріне пайдаланушылармен лицензиялық шарттар жасасады. Мұндай лицензиялық шарттардың талаптары бір санаттағы барлық пайдаланушыларға бірдей болуға тиіс. Аталған ұйымдардың пайдаланушыға лицензиялық шарт жасасудан жеткілікті негіздерсіз бас тартуға құқығы жоқ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-1-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-1. Пайдаланушылар бірыңғай цифрлық платформа арқылы шарт жасасуға және құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымға авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану туралы есепті, сондай-ақ сыйақыны жинау және бөлу үшін қажетті өзге де мәліметтер мен құжаттарды жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында ұсынуға міндетті, олардың тізбесі мен ұсынылу мерзімдері лицензиялық шартта айқындалады.

3. Алып тасталды – ҚР 10.07.2012 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Авторлық және сабақтас құқықтар иелерінің туындылар мен сабақтас құқықтардың объектілерін осындай лицензиялық шарттар бойынша пайдалану мен байланысты пайдаланушыларға қоятын барлық ықтимал мүліктік талаптарын лицензиялық шарттар жасасқан ұйым реттеуге тиіс.

5. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым жиналған сыйақыны бөлу және төлеу үшін шаралар қолдануға міндетті.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Жиналған сыйақыны пайдаланушылардың авторлық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануы туралы есептерінің ұсынылмауына байланысты бөлу және сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда, мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым мұндай бөлінбеген сыйақыны сақтауға, ал ұйым шотына келіп түскен күнінен бастап үш жыл өткеннен кейін оны авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілердің жалпы жиналысында айқындалатын тәртіппен бөлінетін сомаларға қосуға міндетті.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

5-тармақтың үшінші бөлігі жаңа редакцияда көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Авторлық және сабақтас құқықтардың нақты иеленушілеріне бөлінген және олардың есебіне жазылған жиналған сыйақы сомалары мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымның шотында сақталуға және ұйымның шотында мұндай сомалардың сақталу мерзіміне қарамастан, тиісті авторға және (немесе) құқық иеленушіге мұндай тұлғалардың табылуына немесе өтініш білдіруіне қарай төленуге тиіс.

Ескерту. 44-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 09.07.2004 № 586, 10.07.2009 № 179-IV, 10.07.2012 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-бап. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың атқаратын қызметтері

Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым өзі өкілі болып табылатын авторлық және сабақтас құқықтар иелерінің атынан әрі олардан алынған өкілеттік негізінде мынадай қызметтерді атқаруға:

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1) мұндай ұйым басқарып отырған құқықтарды пайдалануға пайдаланушылармен жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында лицензиялық шарттар жасасуға;

2) сыйақы мөлшерін және лицензиялық шарттар жасалған басқа да жағдайларды пайдаланушылармен келісуге;

3) бұл ұйым лицензиялық шартын жасаспай, осындай сыйақы жинаумен шұғылданатын жағдайларда сыйақы мөлшерін пайдаланушылармен келісуге (осы Заңның 26-бабы және 39-бабының 2-тармағы);

4) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 166-бабы 1-тармағының талаптарын сақтай отырып, лицензиялық шартта көзделген сыйақыны және (немесе) осы баптың 3) тармақшасында көзделген сыйақыны жинауға;

5) осы баптың 4) тармақшасына сәйкес жиналған сыйақыны өзі өкілі болып табылатын авторлық және сабақтас құқықтар иелеріне бөлуге және төлеуге;

6) осындай ұйым басқаратын құқықтарды қорғауға қажетті кез-келген заңды әрекеттерді жасауға тиіс.

Ескерту. 45-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 10.07.2009 № 179-IV; 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

45-1-бап. Бірыңғай цифрлық платформа

1. Сараптама ұйымы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен бірыңғай цифрлық платформаны басқаруды жүзеге асырады және оның құқықтарды ұжымдық басқару саласында пайдаланылуына бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынады.

2. Бірыңғай цифрлық платформаның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін сараптама ұйымы мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқару саласындағы мынадай тізілімдерді (бұдан әрі – тізілімдер) қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асырады:

1) туындылар тізілімі;

2) авторлар мен құқық иеленушілер тізілімі;

3) құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар тізілімі;

4) пайдаланушылар тізілімі;

5) шарттар тізілімі;

6) бірыңғай цифрлық платформаның жұмыс істеуіне қажетті өзге де тізілімдер.

Тізілімдерді қалыптастыру және жүргізу уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 45-1-баппен толықтырылды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың міндеттері

1. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның қызметі мұндай ұйым өкілі болатын авторлық және сабақтас құқықтар иелерінің мүддесіне сай жүзеге асырылады. Бұл мақсатта ұйым:

1) авторлық және сабақтас құқықтардың иелеріне сыйақы төлеумен бірге олардың құқықтарын пайдаланғаны туралы, оның ішінде жиналған сыйақы мөлшері туралы және одан ұсталған сомалар туралы мәліметі бар есептерді ұйымның интернет-ресурсындағы және бірыңғай цифрлық платформадағы жеке кабинет арқылы беріп тұруға;

1-1) бірыңғай цифрлық платформаны пайдалануға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (01.01.2029 бастап қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2) осы Заңның 45-бабы 4) тармақшасының ережелеріне сәйкес жиналған сыйақыны авторлық және сабақтас құқықтардың иелеріне бөлу және төлеу үшін пайдалануға міндетті. Сыйақыны бөлу және төлеу құқық иеленушінің азаматтық белгісі, тұратын елі , санаты және өзге де негіздер бойынша кемсітусіз, әділ жүзеге асырылуға тиіс. Бұл ретте ұйым жиналған сыйақыдан өзінің мұндай сыйақыны жинауға, бөлуге және төлеуге кеткен нақты шығынын өтеуге қажетті соманы, сондай-ақ өзі өкілі болып табылатын авторлық және сабақтас құқықтар иелерінің келісімімен және солардың мүддесіне сай сол ұйым құрған арнайы қорларға жіберілетін соманы ұстап қалуға құқылы. Сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өзінің нақты шығыстарын жабуға арналған, сондай-ақ арнаулы қорларға жіберілетін сомалар жиналған сыйақының жалпы сомасының отыз пайызынан аспауға тиіс;

Бұл ретте сыйақыны жинау, бөлу және төлеу бойынша өздерінің нақты шығыстарын жабуға арналған сомалар әрбір құқық иеленушіге тиесілі әр сомаға пропорционалды түрде болуға тиіс;

2-1) жиналған, бөлінген, төленген сыйақы, сондай-ақ құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның шығыстарын жабуға бағытталған сыйақы туралы мәліметтерді уәкілетті орган айқындаған тәртіппен және нысан бойынша бірыңғай цифрлық платформаға енгізуге;

3) жиналған сыйақы сомасын осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген сомаларды шегере отырып, туындылардың және сабақтас құқықтар объектілерінің нақты пайдаланылуына қарай барабар бөлуге және қазақстандық авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілерге – тоқсанына кемінде бір рет және осындай құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдарға жылына кемінде бір рет төлеп отыруға міндетті. Бұл ретте ұйым осы ұйым жасасқан лицензиялық шарттарға және сыйақы төлеу туралы шарттарына сәйкес сыйақы алуға құқығы бар құқық иеленушілерді белгілеу бойынша шаралар қолдануға, оның ішінде құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі басқа да ұйымдардан, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпаратты осы мақсат үшін пайдалануға міндетті;

4) құқық иеленушілер туралы, оған басқаруға берілген құқықтар туралы, сондай-ақ авторлық және сабақтас құқықтар объектілері туралы мәліметтер қамтылған тізілімдерді қалыптастыруға міндетті. Заңға сәйкес құқық иеленушінің келісімінсіз жария етуге болмайтын мәліметтерді қоспағанда, мұндай тізілімдерде қамтылған мәліметтер барлық мүдделі тұлғаларға ұсынылады;

5) құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның қызметі туралы хабар беру мақсатында интернет-ресурс құруға, интернет-ресурстың тәулік бойғы режимде қолжетімділігін, онда орналастырылатын ақпараттың ашықтығын, сондай-ақ осындай ақпараттың өтеусіз негізде берілуін қамтамасыз етуге;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

6) тармақша жаңа редакцияда көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) авторлық немесе сабақтас құқықтар объектісінің атауын, автордың немесе өзге құқық иеленушінің атын, ал құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйыммен өзара мүдделілік білдіру туралы шарттар бойынша құқықтар берілген жағдайда – осындай ұйымның атауын қоса алғанда, өзіне басқаруға берілген құқықтар, сыйақы мөлшерлемелері туралы ақпаратты интернет-ресурста және бірыңғай цифрлық платформада орналастыруға;

7) ұйым өкілдері туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында және бірыңғай цифрлық платформада орналастыруға;

8) уәкілетті органға жіберілетін есептерді Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, өзінің интернет-ресурсында және бірыңғай цифрлық платформада жария етуге;

9) пайдаланушының атауын және оның тұрған жерін, сондай-ақ осындай шарттың жасалған күнін қоса алғанда, пайдаланушылармен жасалған шарттар туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында және бірыңғай цифрлық платформада орналастыруға;

10) Қазақстан Республикасының аумағында құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдармен өзара мүдделілік білдіру туралы шарттар жасасуға;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

11) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (ҚР Цифрлық кодексі қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11) уәкілетті органды жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жалпы жиналыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында хабардар етуге, сондай-ақ оған қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті.

12) он жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай цифрлық платформада:

осындай ұйымның жарғысына және өзге де құрылтай құжаттарына енгізілген, әділет органдарында тіркелген өзгерістерді;

ұқсас құқықтарды басқаратын шетелдік ұйымдармен өзара мүдделілік білдіру туралы жасалған екіжақты және көпжақты шарттардың көшірмелерін;

жалпы жиналыс шешімдерінің көшірмелерін орналастыруға міндетті.

1-1. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым өзінің бухгалтерлік (қаржылық) есептілігіне аудит жүргізу, сондай-ақ сыйақыны жинауды, бөлуді және төлеуді жүзеге асыру кезінде ақшамен операциялардың жүргізілуін және құжаттамалық ресімделуін,

жиналған сыйақыны бөлудің осындай ұйым бекіткен әдістемеде көзделген талаптарға сәйкестігін, арнайы қорлардан жүзеге асырылған нысаналы түсімдер мен төлемдердің есепке алынуын, осындай ұйымның қызметіне қойылатын және осы бапта белгіленген өзге де талаптардың сақталуын тексеру үшін екі жылда кемінде бір рет тәуелсіз аудиторлық ұйымды тартуға міндетті.

Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым аудиторлық қорытындыны және тексеру нәтижелерін тиісті бухгалтерлік (қаржылық) есептілікпен бірге бекітілген (қол қойылған) күннен бастап бір ай мерзімде өзінің интернет-ресурсында және бірыңғай цифрлық платформада жариялауға міндетті, олар құқық иеленушілер үшін бес жыл бойы ашық қолжетімділікте болуға тиіс.

Аудитке және тексерілуге жататын бухгалтерлік (қаржылық) есептілік және осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген өзге де ақпарат құпия сипаттағы мәліметтерді қамтитын ақпаратқа, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияға жатқызылмайды.

Аудит және тексеру жүргізуге арналған шығыстар құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым шығыстарының құрамына енгізіледі.

2. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымға осы Заңның 45-бабының 4) тармақшасында көзделген сыйақы жинауға қатысты өкілеттіктерді бермеген авторлық және сабақтас құқықтар иелері одан жүргізілген бөлуге сәйкес өздеріне тиесілі сыйақыны төлеуді, сондай-ақ осы ұйым пайдаланушыларға беретін рұқсаттардан өзінің туындылары мен сабақтас құқықтар объектілерін шығарып тастауды талап етуге құқылы.

Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап үш ай өткеннен кейін құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым олар көрсеткен құқықтарды және (немесе) объектілерді барлық пайдаланушылармен жасалған лицензиялық шарттардан алып тастауға және бұл жөніндегі ақпаратты Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, өзінің интернет-ресурсында және бірыңғай цифрлық платформада орналастыруға міндетті. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды иеленушіге бұрын жасалған лицензиялық шарттарға сәйкес пайдаланушылардан алынған, оған тиесілі сыйақыны төлеуге және оған есеп беруге міндетті.

Репертуарынан авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілер туындылар мен сабақтас құқықтардың объектілерін алып тастаған, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен соң пайдаланушыларға оларды пайдалануға рұқсат беруге құқылы емес.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

46-бапты 3, 4-тармақтармен толықтыру көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Заңымен.

Ескерту. 46-бап жаңа редакцияда – ҚР 10.07.2009 № 179-IV; өзгерістер енгізілді – ҚР 12.01.2012 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

46-1-бап. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу

1. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым осы Заңның 43-бабының 3-тармағында көзделген ұжымдық басқару салаларындағы қызметті жүзеге асыруға уәкілетті органда аккредиттеу туралы куәлік алуға құқылы.

2. Аккредиттеу осы Заңның 43-бабының 3-тармағында көзделген салалардың әрқайсысы бойынша бөлек жүргізіледі.

Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым осы Заңның 43-бабының 3-тармағында көрсетілген ұжымдық басқарудың бір, екі және одан да көп салаларында қызметті жүзеге асыруға аккредиттеу туралы куәлікті алуы мүмкін. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымды аккредиттеу туралы куәліктің нысанын уәкілетті орган белгілейді.

Аккредиттеу туралы куәлікті алған құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым құқықтарды басқару туралы шарттар жасасқан құқық иеленушілердің құқықтарын басқарумен қатар мұндай шарттар жасаспаған құқық иеленушілер үшін де сыйақы жинауды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 46-1-баппен толықтырылды – ҚР 10.07.2009 № 179-IV Заңымен.

46-2-бап. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарға аккредиттеу жүргізу тәртібі

1. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу ерікті болып табылады және оны құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – аккредиттеу жөніндегі комиссия) қорытындысына сәйкес құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымның өтініші негізінде уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Аккредиттеу жөніндегі комиссияның құрамын және ол туралы ережені, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарға аккредиттеу жүргізу қағидаларын, оларға қойылатын біліктілік талаптарын уәкілетті орган бекітеді.

Аккредиттеу жөніндегі комиссияның отырысы өтетін күн туралы ақпаратты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және өзінің интернет-ресурсында аккредиттеу жөніндегі

комиссияның отырысы өтетін күнге дейін отыз жұмыс күнінен кешіктірмей орналастырады.

3. Алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4. Алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5. Алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6. Алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымды аккредиттеуден бас тарту туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым берілуі мүмкін.

9. Аккредиттелген ұйымдар туралы ақпаратты уәкілетті орган өзінің интернет-ресурсында орналастырады.

10. Алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11. Алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 46-2-баппен толықтырылды – ҚР 10.07.2009 № 179-IV; өзгерістер енгізілді – ҚР 12.01.2012 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

47-бап. Мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардың қызметін бақылау

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Авторлардың, орындаушылардың, фонограмма шығарушылардың немесе авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды өзге де иеленушілердің құқықтарын ұжымдық басқару жөніндегі ұйым жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірмей, бірыңғай цифрлық платформа арқылы уәкілетті органға:

1) алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

2) алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) жиналған, бөлінген, бөлінбеген, төленген, төленбеген, талап етілмеген сыйақылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, жылдық балансты, жылдық есепті;

5) авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланғаны үшін сыйақыны жинау, бөлу және төлеу жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жергілікті жерлердегі филиалдар мен өкілдіктер туралы ақпаратты беруге міндетті.

Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым екі жылда бір реттен сиретпей уәкілетті органға 15 сәуірден кешіктірілмейтін мерзімде аудиторлық есепті де ұсынады.

2. Уәкілетті орган мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйымдардан ұйым қызметінің осы Заңға, Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнамасына немесе өзге де заңнамаға, сондай-ақ мұндай ұйымның жарғысына сәйкестігін тексеру үшін қажетті қосымша ақпаратты және құжаттарды талап етуге құқылы.

Ескерту. 47-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 10.07.2009 № 179-IV; 12.01.2012 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

47-1-бап. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлікті кері қайтарып алу

Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлікті уәкілетті орган:

1) аккредиттеу туралы шешім қабылдауға негіз болған құжаттарда дұрыс емес мәліметтер анықталған;

2) алып тасталды ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) алып тасталды ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) коммерциялық қызметті жүзеге асырған;

5) осы Заңның 46-бабында көзделген міндеттерді орындамаған;

6) алып тасталды ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) алып тасталды ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарына қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіргені, сондай-ақ қаулыларды, нұсқамаларды және өзге де талаптарды орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған;

9) авторларға, орындаушыларға және фонограмма шығарушыларға уәкілетті орган белгілеген ең төмен сыйақы мөлшерлемелерінен төмен сыйақы мөлшерлемелері қолданылған жағдайларда кері қайтарып алады.

Ескерту. 47-1-баппен толықтырылды – ҚР 2009.07.10 № 179-IV; өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.06.2022 № 128-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

47-2-бап. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәліктің қолданылуын тоқтату

1. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәлік өзінің қолданылуын мынадай жағдайларда:

1) аккредиттеу туралы куәліктің берілген мерзімі біткенде;

2) аккредиттеу туралы куәлікті өз еркімен уәкілетті органға қайтару туралы шешім қабылданғанда;

3) аккредиттеу туралы куәлік қайтарып алынғанда;

4) құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйым таратылғанда тоқтатады.

2. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтату туралы ақпарат осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайлар басталған күннен бастап бір ай мерзімде уәкілетті органның интернет-ресурсында және бірыңғай цифрлық платформада орналастырылады.

Ескерту. 47-2-баппен толықтырылды – ҚР 10.07.2009 № 179-IV; өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

47-3-бап. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұру

1. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын уәкілетті орган:

1) аккредиттелген ұйымның қызметі туралы жыл сайынғы есеп белгіленген мерзімде уәкілетті органға ұсынылмаған;

2) аккредиттелген ұйымның қызметі туралы көрінеу жалған мәліметтерді қамтитын жыл сайынғы есеп уәкілетті органға ұсынылған жағдайларда үш айға тоқтата тұрады.

2. Құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдарды аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұру туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсында және бірыңғай цифрлық платформада осы баптың 1-тармағында көрсетілген жағдайлар басталған күннен бастап бір күн мерзімде орналастырылады.

Ескерту. 4-тарау 47-3-баппен толықтырылды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-ТАРАУ. АВТОРЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУ

48-бап. Авторлық және сабақтас құқықтардың бұзылуы

1. Осы Заңда көзделген авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылық туындайды.

2. Туындыларға немесе сабақтас құқықтар объектілеріне қатысты:

1) автордың немесе өзге де құқық иеленушінің рұқсатынсыз туындыларды немесе сабақтас құқықтар объектілерін пайдалануға авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды қорғаудың техникалық құралдарын қолдану арқылы белгіленген шектеулерді алып тастауға бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруға;

2) егер мұндай іс-әрекеттер нәтижесінде авторлық құқықты және сабақтас құқықтарды қорғаудың техникалық құралдарын пайдалану мүмкін болмаған не осы техникалық құралдар аталған құқықтардың тиісті қорғалуын қамтамасыз ете алмаған жағдайларда кез келген құрылғыны немесе оның компоненттерін дайындауға, таратуға, прокатқа беруге, уақытша пайдалануға беруге, импорттауға, жарнамалауға, оларды пайда табу мақсатында пайдалануға не қызмет көрсетуге;

3) автордың немесе өзге де құқық иеленушінің рұқсатынсыз авторлық құқықтарды басқару туралы ақпаратты жоюға немесе өзгертуге;

4) автордың немесе өзге де құқық иеленушінің рұқсатынсыз мүліктік құқықтарды басқару туралы ақпараты жойылған немесе өзгертілген туындыларға немесе сабақтас құқықтар объектілеріне қатысты оларды қайта шығаруға, таратуға, тарату мақсатында импорттауға, көпшілік алдында орындауға, жалпы жұрттың назарына эфирде (оның ішінде ретрансляциялау) немесе кәбіл арқылы хабарлауға, жалпы жұрттың назарына жеткізуге жол берілмейді.

Ескерту. 48-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.10. № 179-IV; өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

48-1-бап. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне бақылау жасау

Ескерту. 48-1-бап алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

48-2-бап. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылау

1. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметін бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған тұлғалар пайдаланылған туындылар немесе сабақтас құқықтар объектілері, авторлық құқық немесе сабақтас құқықтар объектілерін пайдалану нәтижесінде алынған кірістер туралы мәліметтерді, сондай-ақ авторлық сыйақы төлемдеріне қатысты мәліметтер мен құжаттарды уәкілетті органның сұрау салуы бойынша ұсынуға міндетті.

Ескерту. 48-2-баппен толықтырылды – ҚР 24.11.2025 № 233-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

49-бап. Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғау

1. Авторлық және сабақтас құқықтарды қорғауды сот:

1) құқықтарды тану;

2) құқық бұзылғанға дейінгі жағдайды қалпына келтіру;

3) құқықты бұзатын немесе оның бұзылуына қауіп төндіретін әрекеттерді тыю;

4) айырылып қалған пайданы қоса алғанда, шығындардың орнын толтыру;

5) құқық бұзушы авторлық және (немесе) сабақтас құқықтарды бұзу салдарынан тапқан табысты өндіріп алу;

6) соттың қарап шешуі бойынша айқындалатын бір жүз айлық есептік көрсеткіштен он бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомада немесе туынды даналары құнының екі еселенген мөлшерінде немесе салыстырмалы мән-жайлар кезінде әдетте туындыны құқыққа сыйымды түрде пайдаланғаны үшін алынатын бағаға негізделе отырып айқындалатын, туындыны пайдалану құқығы құнының екі еселенген мөлшерінде өтемақы төлеу арқылы жүзеге асырылады. Залалды өтеудің немесе кірісті өндіріп алудың орнына өтемақы мөлшерін сот айқындайды;

7) олардың құқықтарын қорғауға байланысты заң актілерінде көзделген өзге де шаралар қолдану арқылы жүзеге асырады.

Осы тармақтың 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген шаралар құқық иеленушінің таңдауы бойынша қолданылады.

1-1. Алып тасталды - ҚР 20.06.2018 № 161-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Іс қаралғанға дейін судья авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік деп жорамалданған даналарын жауапкердің дайындауына, көшірмелеуіне, сатуына, пайдалануына тыйым салу туралы жеке-дара ұйғарым шығаруға құқылы. Судья авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік деп жорамалданған даналарын, сондай-ақ оларды дайындау мен көшірмелеуге арналған материалдар мен жабдықтарды пайдалануға тыйым салу және алып қою туралы ұйғарым шығаруға да құқылы.

3. Сот авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын, сондай-ақ оларды көшірмелеуге пайдаланылатын материалдар мен жабдықтарды тәркілеу туралы шешім шығаруға құқылы. Авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналары оның талап етуі бойынша авторлық немесе сабақтас құқықтардың иесіне берілуі мүмкін не соттың шешімі бойынша жойылуға тиіс.

Оларды көшірмелеуге пайдаланылған материалдар мен жабдықтар соттың шешімі бойынша жойылуға не мемлекет кірісіне берілуге тиіс.

Ескерту. 49-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.11.22 № 90 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.10 № 179-IV, 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.04.2015 № 300-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 378-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2018 № 161-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК